Жылжыған уақытты уыста ұстап тұруға ешкімнің күші жетпейді. Мойынқұм ауданының құрылғанына да 60 жылдам астам уақыт өткен екен. Мойынқұм топырағы біз үшін өте ыстық. Балалық күндеріміз өткен қасиетті топырақ. Айтбай әкем мен Айтбике анамнан он ұл-қыз өсіп өндік. Әкем аудан басқарудағы сан салалы жұмысының арасынан бала тәрбиесіне уақыт тапты. Үлкен әпкем Рая ғалым болды, басқаларымыз да жақсы қызметтер атқардық. Бастысы ата-анаға кір келтірмедік.

Ауданның құрылуы мен қалыптасуында әкемнің еңбегінің елеулі екенін өзге кісілер де айтып жатқан болар. Менің қосатыным, ол кісі айналасына адал, жауапты кадрларды жинай білді. Қаратай Адамбаев, Жұмабек Орынбаев, Аяған Оспанов, Әуесхан Мырзахметов, Зоя Арқабаева, Елжан Оспанбеков, Жақсыгүл Даниярова – ауданда түрлі басшылық қызметте адал еңбек етті. Абыройға бөленген, Дәрмен Құндызбеков, Сәруархан Зәуірбеков, Ахметәлі Жанғозиев, Есенаман Ошақбаев, Несіпбай Есілбаев бастаған кеңшар директорлары аудан басшысына өте жақсы көмекші болып, қолдау көрсетті. Сол бірлік пен ынтымақ, түсіністіктің арқасында Мойынқұм өсті, көгерді, көктеді. Мұнда дара қайраткер Дінмұхамед Қонаев, Ғабит Мүсірепов, Нұрғиса Тілендиев, Шәмші Қалдаяқов бастаған тұлғалар келіп, ауданның мерейін өсірді.

Әкемнің 90 жылдығын лайықты атап өткен сол кездегі аудан әкімі Сәкен Арубаевқа, 100 жылдығына қолдау білдірген Әлихан Балқыбековке шынайы алғысымды айтамын.

Мерейің өсе берсін, әкемнің қолтаңбасы қалған Мойынқұм!

Күләш Айтбайқызы НАЗАРБЕКОВА,
Тараз қаласының еңбек ардагері, Құрметті азаматы.

АСА ҚҰРМЕТТІ МОЙЫНҚҰМДЫҚТАР!

Туған жердің ыстық екені, қай жерде жүрсең де естен кетпей сағындыратын белгілі. Мойынқұм әрқашан менің жүрегімде жүреді.

Кең-байтақ Қазақстанның маңызды бір бөлшегі болған Мойынқұм – батыр бабаларымыздың алғашқы мемлекетін құрған жері. Қазақтың сахарасы –Мойынқұмның төл тарихы сонау бағзы заманнан бастау алып, адамзат баласының даму тарихымен ұштасып жатыр. Сондықтан, ауданның 60 жылдығы, Жазылбек атамыздың 130 жылдық мерейтойының мәні бөлек. Осынау қос мерекелік күнмен баршағызды құттықтап, әр шаңыраққа табыс, береке тілеймін.

Халық жазушысы, қоғам қайраткері, публицист Шерхан Мұртазаның тілімен айтқанда, «жегені – жантақ, арқалағаны – алтын», «жеңіл кавалерияның» тізгінін ұстап отырған еліміздің ақпарат кеңістігінде абыройлы орны бар «Мойынқұм таңы» газетінің ұжымы да 60 жылдық мерейлі белеске жетіп отыр. Осы ауданның қалыптасуы мен дамуында өзінің елеулі еңбегін сіңіріп отырған «Мойынқұм таңы» газетінің орны ерекше.

Газет ұжымына айтарымыз, Сіздер – қоғамның айнасысыздар. Бұлай деуіміздің өзіндік сыры бар. Күнделікті тіршілікте болып жатқан хабарларды журналист ой елегінен өткізіп, қалың бұқараға ұсынады. Соның нәтижесінде айналада орын алып жатқан күллі жәйттерден ел хабардар болады. Журналистика адамзат баласының мына дүние жайлы ойын қалыптастыратын ақпарат құралы деп айтсақ, артық айтпағандық болар еді. Арқалағаны алтын жандардың қанаты талмасын, көпшілікке сапалы әрі ашық ақпаратты жеткізіп, қоғам мен елдің мүддесіне қызмет ете бергей.

Бүгінгідей мерейлі сәтте «Мойынқұм таңы» газетінің ұжымына ақ ниетпен мықты денсаулық, қажымас күш-қайрат, ортаймас несібе-дәулет тілейміз. Еңбекте толағай табыстарға, мақсатта биік шыңдарға жете беріңіздер, абырой-беделдеріңіз бен табыс-тартуларыңыз арта берсін. Әрдайым отбасыларыңыз аман, жүздеріңіз жарқын, мерейлеріңіз үстем болсын! Газет бетінде өңірдің дамуы мен рухани өміріне байланысты тек игі, қуанышты жаңалықтар көп болсын!

Бақытты күндеріңіз көп болып, қазақ халқының абыройы мен мәртебесін бүкіл әлем алдында еселеп арттыра береді деп сенім артамыз!

Ерболат САУРЫҚОВ,
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты.

ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР, АРДАҚТЫ МОЙЫНҚҰМДЫҚТАР!

Мойынқұм – кең даласы мен бай табиғаты ғана емес, еңбекқор, дархан мінезді халқымен де қадірлі мекен. Осы ауданның өсіп-өркендеуіне сан буын азаматтар адал еңбек етіп, өз үлестерін қосты. Ауданның алғашқы басшылары мен ел басқарған азаматтардың, әр маман жұмысшысының еңбегі әрдайым құрметке лайық.

Солардың қатарында менің әкем – Ұлы Отан Соғысының ардагері Аяған Оспанов ерен еңбегін сіңірген, есімі ерекше ілтипатпен аталады. Ол аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары қызметін атқарып, Мойынқұмның қалыптасуына өз үлесін қосты. Әке еңбегі – біз үшін мақтаныш, кейінгі ұрпаққа үлгі. Біздің отбасы үшін Мойынқұм – алтын бесігіміз.

Осындай мерейлі сәтте туған жеріме, еліме деген шынайы ризашылығымды білдіремін. Мойынқұм бізге өмір жолын сыйлады, азамат ретінде қалыптастырды.

Барша аудан тұрғындарына амандық, бірлік, береке тілеймін!

Құттықтауымды жерлесіміз ақын Қалибек Шайжановтың:

«Мойынқұмның аспаны да арайлы,
Қуанышпен қарсы алсаңыз, жарайды.
Төрт түліктен арылмаған далама,
Жаз-атамыз мейірлене қарайды.
Мойынқұмның жері алтын,
Самал желі қоңыр салқын.
Біздей жандар сирек болар,
Сақтап келген ата салтын»,- деген жыр жолдарымен аяқтағым келеді.

Өсіп-өне бер, жүрегіміздің төріндегі Мойынқұм!

Қасиетті Мойынқұмның 60 жылдық мерейтойы құтты болсын!

Оспанова Хадиша Аяғанқызы,
Мойынқұм ауданының Құрметті азаматы, облыстық ардагерлер кеңесінің жанындағы «Аналар алқасы» комиссиясының төрайымы.

ТУҒАН ЖЕРІМДІ ЕРЕКШЕ БАҒАЛАЙМЫН

Мойынқұм өлкесі маған өте ыстық. Осында аталарымыз тер төкті, еңбек етті. Адамдары ерекше қонақжай, кеңпейілді. Мен кәсіпкер ретінде әлемнің бірнеше мемлекетінде болдым. Сонда байқағаным қазақтың пейіліндей пейіл еш мемлекеттің халқында жоқ. Жердің жақсысы – Мойынқұм. Соңғы жылдары ірі өндіріс ошақтары салынып, жаңаша дамып жатқан ауданның әр жетістігіне қуанамын. Ауданның 60 жылдығы, Жазылбек Қуанышбаев атамыздың 130 жылдығы құтты болсын!

Аудандық «Мойынқұм таңы» газеті – ауданның тұнып тұрған шежіресі. Ұзақ жылдар ауданның айнасы болып, барлық тарихын қамтылған басылым. Жылжыған жылдардың өзі – тарих. Сондықтан, газет ұжымын 60 жылдық тарихи белесімен құттықтап, шығармашылық табыс, береке бірлік тілеймін!

Сәуле РЫСБАЕВА,
Мойынқұм ауданының Құрметті азаматы.

ТОЛЫ АУДАННЫҢ ҚОЙНЫҢ КЕНГЕ, БАЙЛЫҚҚА!

МОЙЫНҚҰМ АУДАНЫ ҚАЛАЙ ҚҰРЫЛДЫ?

1939 жылы 14 қазанда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Жамбыл облысы құрылды. Облыстың құрамына 10 аудан кірді. Сол тұста қазіргі Мойынқұм, сол кездегі Көктерек ауданы да Шу ауданынан бөлініп, жеке шаңырақ көтерді. Көктеректің құрамына Қызыларна, Қызылтал, Көкірек, Көктерек, Куйбышев, Сарқырама, Қараөзек және Фурманов селолық советтері берілді. Аудан орталығы Бірлік селосы Шудан алыс емес еді. Көктерек аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып Қамбар Молдабеков тағайындалды.



Көктерек ауданы Жамбыл облысының солтүстік шығысында орналасты. Аудандағы тұрғындар саны 1939 жылғы 1 қаңтарда 12 049 адам болса 1941 жылдың 1 қаңтарына 13 220 адам болды. Халықтың басым көпшілігін қазақтар құрады. Сондай-ақ ауданда Айдарлы, Коминтерн, Бірлік, Көлтабан, Көркей, Көктерек, Ақдала, Кеңес-1, Қызылту-1, Қызыл Октябрь, Семисозақ, Жаңатілек, Фрунзе,Чапаев, Жаңатерлік, Қызылотау, Жамбыл, Ынталы, Алғатарт, Көкий, Қызылту-11, Кеңес-11, Жаңаталап, Алға, Ерназар, Карл Маркс, Талдыөзек, Буденный сынды 28 колхоз болды.

1941 жылы ауданда 5 675 гектар егіс алқабы болса, 1 015 гектарына күздік бидай, 2180 гектарына жаздық бидай, 124 гектарға сұлы, 555 гектарға тары, 68 гектарға күріш, 1 000 гектарға күнжіт, 80 гектарға картоп, 106 гектарға жүгері, 67 гектарға арпа, 13 гектарға қызылша, 400 гектарға жоңышқа, 9 гектарға асқабақ, 30 гектарға бау-бақша өнімдері егілді.

Ауданда бір ғана Балқаш көлінің жағасында Бурылбайтал балық зауыты жұмыс істеді. Зауыттың өндірістік «Новая Заря» және «Промысловик» атты екі артелі болды. Бурылбайтал балық зауыты 1941 жылы 10 айда жоспарды 99,7 пайызға орындады. «Промысловик» артелі жылдық жоспарды 127,4 пайызға орындады. 1940 жылы балық өндеуден 711, 455 мың рубль кіріс көрді.

Ауданда 1941 жылдың алғашқы айында 20 мектептің бастауыш мектептерінде 598 бала, 3 орта білім беретін мектепте 582 бала оқушы білім алды. Тағы 2 орта мектепте 519 бала білім алды. Ауданда өзге оқу орындары болған жоқ. Оған қоса мектеп жасындағы 1 699 оқушы түгелдей қамтылды.

Сонымен қатар 11 балалар бақшасында 314 бала қамтылды. 36 сауда нүктесі болды. бесеуі дүкен, 31-і шағын ларектер еді.

Аудан алғаш құрылған жылдары «Ұзын тоған» каналы қазылды.

Енді-енді ел болып,шаруасын күйттеп жатқан қазақ жұртына 1941 жылы 22 маусымда бұрқ ете қалған соғыс қасіреті қатты тиді. Ер-азаматтар майданға аттанып, бар тіршілік қарттардың, әйел, қыз-келіншектердің мойнына артылды.

1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына Мойынқұм өңірінен Шу әскери комиссариатынан аттанған адамдардың дұрыс мәліметі жоқ. Алайда 821 адам елге қайта оралған. Соғыс басталған 1941-1942 жылдары қыс өте қатты болды. Тұтқиылдан басталған соғысқа әзірлік қайдан болсын. Партия халыққа өтініш жасап, ең алдымен жау өтіндегі жауынгерлерді киіммен қамтамасыз етуді қолға алды. Көктерек ауданының еңбекшілері де партияның үндеуін қолдай отырып соғыс даласына 473 шолақ тон, 354 пар пима, 175 қолғап, 237 шұлық, 220 жылы шұлғау, 65 жылы ішкиім, 372 құлақшын, 177 мақталы бешпет, 104 жылы шалбар, 87 көрпе, 383 ішкөйлек, 136 ішкиім, 127 орамал, 373 жастық тысы, 225 жұқа шұлғау, 800 келі жүн, 152 тері, тағы да басқа заттар жөнелтті. Бурылбайтал балық зауытының ұжымы 113 шолақ тон, 105 бас пима, түлкі терісіне 120 құлақшын, ал «Қызыл Ту»колхозының колхозшылары 21 пар пима, 15 шолақ тон, 100 метр кездеме, «Ақдала» колхозының колхозшылары 17 шолақ тон,15 пар пима,11 көрпе, «Қызыл Октябрь» колхозының колхозшылары 23 шолақ тон, 21 пар пима, 80 метр кездеме, 25 құлақшын тарту етті.

«Айдарлы», Коминтерн, «Кеңес» колхоздарында тон тігетін қолғап, шұлық тоқитын үйірмелер құрылып, жұмыс істеді. «Айдарлы» колхозының колхозшы әйелдері 100 шұлғау, 15 шолақ тон, 30 жастық тысы, 30 пар қолғап әзірлеп берді. «Жаңатірлік» колхозынан 20 тон, 17 пар пима, 35 құлақшын өткізілді.

1943 жылдың 14 қарашасында жаудың қоршауынан азат етілген Ленинградқа жамбылдық делегация мол азық-түлік жеткізді. Делегацияны Көктерек аудандық комитетінің хатшысы Жолай Әлімбаев бастап барған болатын. Жамбылдықтар 1945 жылға дейін майдан даласына 34 вагон азық-түлік жіберді. Сонымен бірге азат етілген аймақтарға мал берді. Бұдан басқа әртүрлі қорларға қаржы, жылқы берді. Мәселен 1943 жылы «Қазақстан колхозшысы» танк колоннасын жасақтауға республика бойынша 305 миллион 17 мың сом қаржы жиналғаны жөнінде ҚазТАГ-тың хабары жарияланды. Осы хабарда танк колоннасын жасақтауға жамбылдықтардың үлесі 17922 мың сом болғандығы да айтылған. Ал жамбылдық комсомол мүшелері «Комсомолец Джамбула» жастар танкін жасау үшін 130 мың сом жинаған.

1941 жылдың басынан аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып Тоқан Тілеуберлин тағайындалды. Алайда кейін қызметінен қуылып, көп ұзамай әскер қатарына аттанған.

1943 жылы сәуір айында партия комитетінің бірінші хатшысы болып Кәрім Шорабеков тағайындалды. Соғыс жылдарында Самат Ашықов та бірінші хатшы қызметін атқарды.

... Жалпы Мойынқұмның ең даласы өз алдына аудан ашуды сұраныш тұрғандай еді. 1964 жылы «Қазақ КСР-ында қой шаруашылығын өркендету үшін шөл және шөлейт жайылымдарда игеру туралы» арнайы қаулы қабылдады. Осы қаулыны орындау – төменгі Шу мен Бетбақдаланы игеру арқылы, ол жерлерде қаракөл қойын өсіретін бес совхоз ұйымдастыра отырып, совхоздарға дұрыс басшылық жасау және олардың рентабелді жұмыс істеуіне тиісті жағдай туғызу үшін Мойынқұм ауданын қайта құру қажеттігі туды. Ақыры көп ұзамай Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Президиумының 1964 жылдың 31 желтоқсан күнгі «Қазақ ССР-інде жаңа аудандарды құру және басқа әкімшілік-территориялық өзгерістер туралы» Жарлығымен Мойынқұм ауданы құрылды. Орталығы Фурмановка селосы болды. Оның құрамына Шу ауданының Жамбыл, Қызылту, Коминтерн, Құмөзек, Сарқырама, Ұланбел және Фурманов. Талас ауданының Жайлаукөл селолық Кеңесі, Шу қалалық Кеңесінің Ақсүйек, Верный, Хантау, Шығанақ қалалық поселкілері енгізілді.

Ауданның сол кездегі аумағы 72,1 мың шаршы шақырымды құрады. Бұл облыс аумағының 50 пайызы болса, қазіргі аумағы 55,5 мың шаршы шақырым, яғни облыстың 42,3 пайызын алып жатыр.

1965 жылы қаңтар айының басында Қазақстан компартиясы Мойынқұм аудандық ұйымының бірінші конференциясы болып өтті. Конференцияны аудандық ұйымдастыру бюросының төрағасы Айтбай Назарбеков ашып, жүргізді. Оның жұмысына Жамбыл облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Асанбай Асқаров қатысады. Жаңа құрылып жатқан ауданның алдында қандай міндеттер тұрғанын осы конференцияда негізгі баяндаманы Асанбай Асқаров жасап, жаңа ауданның құрылу мақсатына кеңінен тоқталады.

Осы жиынның сонынан Қазақстан Компартиясы Мойынқұм аудандық комитетінің бірінші хатшысы болып Айтбай Назарбеков сайланды. Жер көлемі бүкіл Жамбыл облысының 42 пайызға жуығын алып жатқан ұлан-ғайыр аумақты партияның аграрлық саясатына сай дәйектілікпен басшылыққа алып, іске асыру онай шаруа емес. Сол заманда шөл және шөлейт аймаққа жататын Бетпақдала өңірін халық игілігіне иіп әкелу тыңға түрен салумен пара-пар еді. Сарысуда туып-өскен ол 1946-1950 жылдары салынған Мойынты – Шу теміржол құрылысына аталған ауданның адамдарын бастап келіп, алғаш рет Мойынқұм жеріне аяқ басқан екен. Іскерлігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен майдангердің еңбек жолы Көктерек ауданындағы (Мойынқұм ауданы негізінен осы ауданның аумағында ашылған) басшылық қызметімен жақсылық жалғасады. Ал Шу ауданы мен Көктерек ауданы қосылғанда, аудандық атқару комитетеінің төрағасы болған.

Иә,Айтбай Назарбеков ширек ғасырға жуық Мойынқұм, Көктерек аудандарын басқарғанда шын мәнінде туған елінің қадіріне жетіп, қастеріне жеткен, нағыз халық жанды азамат екенін танытты. Оған бұл беделұзақ жылдары атқарған елеулі еңбегінің арқасында келді.

Кең ойлап, кесек пішетін Айтекеңнің Мойынқұмның экономикасы мен мәдениетін дамытудағы, халықтың тұрмыс-тіршілігін көтерудегі жұмысы сол кезде бүкіл республикаға мәлім болды.

Масатыдай құлпырған жаз келсе төбеден күн, жерден құм қыздырып қақтайтын, көктемі мен күзі бірде аңызақ, бірде суық желді, суырынды құмды, қысы аязды, қарлы-боранды бұл өңір шын мәнінде тек қайсар жандардың мекені іспеттес көрінгенімен, табиғатының адам жанын аялайтын сәттері аз емес. Ал, сол жерде қоян-қолтық тұрмыс кешкендерге одан өткен жұмақ жоқ көрінеді. Шынында Мойынқұм – тұнба байлық мекені, мол ырыс ордасы. Қалың жынысты Шу бойы, сексеуілді құмы, көгалды-шұратты шежірелі Хан тауы, қазандай төңкерілген Жамбыл тауы қойнаулары жыртылып айырылған аң-құсқа, жерасты қазба байлыққа толы. Көлемі облыстың тең жартысына жуығын алып жатыр. Айтса айтқандай, бұл жер сан ғасыр береке-дәулетін ішке бүгіп, сырын ашпай құлазып жатар еді. Оған тіршілік әкелу Айтбай Назарбеков басқарған аудан тұрғындарының еншісіне тиді. Олар осы мақсатта терін төкті. 1965 жылы ауданның тізгіні Айтбай Назарбековтың қолына тигенде аудан әріз-шағымнан көз ашпаған берекесі қашқан ауданның бірі еді.

Құм түледі,жер гүлдеді. Сонымен бірге, адамдар өмірі нәрленді. Қоғамдық мал шаруашылығын интенсивті өркендетуге бет бұрғанда жаңашыл Айтбай Назарбеков республикада алғашқылардың бірі болып оны іліп әкетті.

Ұлағатты да өркенді іс өрісін тауып жатты. Өйткені мұнда әр сөзін қолмен қойғандай айтатын екі мәрте Еңбек Ері атақты шопан Жазылбек Қуанышбаев бастаған озат малшылар шоғыры жеткілікті еді. Олардың қатарында Еңбек Ерлері, шаруаға тыңдырымды Ділдаш Итбасова, аузынан әзілі түспейтін Шоман Шәріпбаев, Құдайберген Біртаев, қой қырқудан екі дүркін одақ чемпионы атанған Шотай Тайбағаров, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты Нұржамал Туғанбаева, тағы басқа еңбек майталмандары бар еді.

Халыққа сіңген адал еңбегі үшін Айтекеннің абыройы артып, атағы елге жайылды. Өнер мен мәдениеттің, әдебиет пен ғылымның қайраткерлері ол кісіні өте жақсы көрді. Ғабит Мүсірепов, Еркеғали Рахмадиев, Әзілхан Нұршайықов, Нұрғиса Тлендиев, Атымтай Қисанов, Шәмші Қалдаяқов сынды атақты қайраткерлер Алматыдан Мойынқұмға қарай ағылып келіп жатушы еді. Басына киіз үй тіктіріп алып, бағланның етін былбырата пісіртіп, сары қымызды сапыртып, сайын даланың самалын жұтып, жан рахатына батты талай.

Осы ұзақ жылда Айтбай Назарбеков малшы қауыммен тонның ішкі бауындай жақын болды. Биік мінберлерден, алқалы топтың алдында айтылмаған сөзін шопанның қыстауында, кең жайлаудың төрінде отырып айтқан-ау. Ол сөз «жекеменшік 200 қойың жоқ болса, несіне мал бағасын». Дәл сол жылдары Мойынқұмның халқы өте бақуатты тұрды десек жарасады. Халықтың бай дастарқаны, қонақжайлылығы көпті тәнті ететін. Мәселен әр отарда 450 ары кетсе 500 қой бағылды. Қалғанын малшының жекеменшігіндегі мал құрады.

Мойынқұм ауданы осылай құрылып, осылай өркендеді.

Әділбек БАҚҚАРАЕВ,
облыстық мемлекеттік архивтің архивисті.

Ауданның 60, Жаз атаның 130 жылдық тойы – үлкен дүбірлі той. Қос мереке құтты болсын. Жарық көргеніне 60 жылдан асқан «Мойынқұм таңы» газеті ауданмен бірге жасап, тамырын тереңнен алып келеді. Біздің бала кезімізде «Коммунизм таңы» деген атпен шығатын басылымның мен үшін маңызы зор. Ұмытпасам, газет ол кездерде аптасына үйге 3-4 рет келетін. Газет келген бетте бірінші әкемнің қолына тиетін.

«МОЙЫНҚҰМ ТАҢЫНА» ӘКЕМ МАҚАЛА ЖАЗҒАН

Әкем оқып болмай, басқаларға берілмейтін. Осының өзінен-ақ бала болсақ та газеттің қаншалықты құнды екенін түсіндік. Әкем Көшкімбаев Өсербек жайлы «Коммунизм таңы» газетіне шыққан мақалалардың қиындысы бүгінгі күнге дейін үйде сақтаулы тұр. Мен ер жетіп, қызметке араласқан кезеңде Әділ Алпысбаев, Тампылбай Молдақұлов, Берікбай Қадықов, Сүндетулла Әбілов, Жұрсінгүл Жақыпова, Жолдыбай Дәметов, Арай Әлімбетова, Мұхтар Медешов секілді атпал азаматтар редакцияда қызмет атқарды. Осы азаматтардың «Мойынқұм таңы» газетіне сіңірген еңбегі аз болған жоқ. Бәрінің де аймақтың ата басылымының дамуына, өркендеуіне үлес қосқанын айта кеткен жөн. 2006-2019 жылдар аралығында газеттің құрылтайшысы аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы ретінде редакция жұмысымен тығыз байланыста болдым. Журналистика саласының жұмысын жақсы білетін азамат ретінде талай буынды алмастырған ауданның бас басылымында еңбек еткен әрбір азамат барлық құрметке лайық деп білемін. Бүгінде аудандық газет редакциясында еселі еңбегімен құрметке бөленіп жүрген Елдос Ерғабылұлы, Алуа Гаухарбайқызы, Назгүл Мешітбайқызы және өмірден ерте озған Қуаныш Қайырғалиұлының есімдерін құрметпен атап өткім келеді.

Мерейтой қарсаңында «Мойынқұм таңы» газеті ұжымына берекелі бірлік, шығармашылық табыс тілеймін!

Манарбек КӨШКІМБАЕВ,
«AMANAT» партиясы аудандық филиалының төрағасы.

АУДАННЫҢ ӘР ЖЕТІСТІГІНЕ ҚУАНАМЫН

Мойынқұм – талай шығармаға, көптеген әндерге арқау болған танымал аудан. Осы ауданда туылып, есейгенімізге қуанамын. Өз еңбегімді білім саласынан бастап, қазіргі таңда халық қалаулысы ретінде ел аманатын лайықты арқалап жүрмін деп ойлаймын. Әйгілі Айтбай Назарбеков басқарған топырақта қызмет атқару үлкен құрмет деп білемін. Ауданның 60 және Жазылбек Қуанышбаев атамыздың 130 жылдық тойына үлкен дайындықтар жүргізілді. Қатар келген қос той құтты болсын. Біз аудан әкімі Ермек Карентаевтың еселі еңбегін көріп жүрміз. Аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Сағынғали Аманов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәбит Оразымбетов ағалардың қоғамдық белсенді жұмыстары жастарға үлгі.

Ауданның айнасы – «Мойынқұм таңы» газеті. Қазіргі таңда электронды басылымдар, сайттар да белсенді. Дегенмен, газеттің өз орны, тарихы бар. Сол беделді газеттердің көш басында «Мойынқұм таңы» газеті тұрады. Бұл газетке өз қалауымен жазылатындар көп. Әсіресе, соңғы уақытта басылымның материалдары түрленіп, жаңарып, мазмұны арта түсті. Бұл басылымның тарихында талай майталман бас редактор, мықты журналистер еңбек етті. Баршасына құрметіміз жоғары. «Мойынқұм таңы» газеті ұжымын 60 жылдық мерейтойымен құттықтап, толағай табыс, шығармашылық жетістіктер тілеймін.

Нұртас САУРЫҚОВ,
аудандық мәслихаттың төрағасы.

АБЫРОЙ БӘРІМІЗГЕ ОРТАҚ

Қай кезде де алдыңғы толқын ағалар кейінгі буынға үлгі болуы тиіс. Ол үрдіс Мойынқұмда да берік сақталған. Қоғамдық кеңестің жұмысы да – біздерге үлкен жауапкершілік. Оның біздің ұйымның әр мүшесі жақсы сезінеді. Аудан тойы – бәрімізге ортақ. Жазылбек атамызды жас кезімізде көріп, атағына қанығып өстік. Сондықтан, қос мерекенің маңызы мен мәні бөлек.

Облыстан шалғай жатқанымен, ауданымыздың өз артықшылығы мен жеткен мол жетістіктері бар. Өнер, спорт, білім салаларында жастарымыз толағай табысқа жетіп отыр. Ауданымыз 60 жылдық белеске үлкен жетістікпен қадам басқанын айта кетпекпін. Барша халыққа дүбірі жеткен қос тойымыз құтты болсын. Аудан айнасы «Мойынқұм таңы» газеті де жаңалықтың жаршысы болып, жаңа белестерге жол тарта берсін!

Сағынғали АМАНОВ,
аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы.

ӘКЕМНІҢ ТІЛЕГІ ОРЫНДАЛДЫ

Қазақта «Жақсы сөз – жарым ырыс, жақсы көсіп – анық ырыс» деген нақыл бар. Осы ауданның дамуына үлес қосқан, еңбегін сіңірген сыйлы кісінің бірі – Бағлан Қарашолақов. Ол кісінің облыс көлемінде сіңірген еңбегі де бағалауға тұрарлық. Атам – Төреш, әкем – Қыдырәлі аудан тарихын жақсы біледі. Еңбектері де сіңген. Аудан тойы қарсаңында Мойынқұм ауданының тұңғыш әкімі Бағлан Жиенәліұлы ағайға қатысты бір естелікпен бөліскім келеді.

Әкем Қыдырәлі Жүнісбек ұзақ жыл «Құмөзек» кеңшарында ферма меңгерушісі болған кісі. 1988 жылы бір себептермен қызметінен кетеді. Қатардағы маман болып жүреді. 1990 жылы «Құмөзек» кеңшарының малын түгел санап, есебін алу үшін комиссия төрағасы болып Бағлан Қарашолақов барады. Ол кісі қасына еріп, көмектесетін, қызмет істеп отырғандардан бөлек, мал шаруашылығын білетін маман іздейді. Таңдау менің әкеме түседі. «Осы малдың бәрін жақсылап санап, есебін ауданға менімен бірге өткіз, қызметіңе қайтадан қоямыз» дейді. Әкем мал санақ жұмысын жақсы ұйымдастырып, ферма меңгерушісі қызметіне қайта оралды. Сол жылы мен өмірге келіппін. Әкем Бағлан Қарашолақов ағайға риза болып, менің есімімді «Бағлан» деп қояды. Ол кезде кеңшардың озат директор болып жүрген Б.Қарашолақов ағай 1992 жылы аудан әкімі болып тағайындалады. Одан кейін бірнеше аудан басқарғаны, облыстық деңгейдегі қызметтері көпшілікке белгілі.

Әкемнің ақ тілегі қабыл болды. Жақсы кісінің есімін иеленген өзім де үлгілі жолда келе жатырмын. Дәрігерлік жоғары мамандық алып, осы туған ауданыма қызмет етіп жүрмін. Аудан тойы құтты болсын!

Бағлан ЖҮНІСБЕКОВ,
аудандық орталық ауруханаының бас дәрігері, аудандық мәслихаттың депутаты.

МОЙЫНҚҰМ – ҚҰТТЫ МЕКЕНІМ!

СӨЗІН ЖАЗҒАН САЛАМАТ ОМАШ
ӘНІН ЖАЗҒАН УӘЛИХАН ЖАЙЛАУ.

Батырлар мекен еткен жер,
Құландар шауып өткен жер.
Хан тағы – асқақ Хантауға
Тағзым етпей өтпеңдер.

ҚАЙЫРМАСЫ:
Мойынқұм құтты мекенім,
Өзіңді мақтан етемін.
Даңқыңды көкпен таласқан,
Әніме қосып өтемін.

Ақбақай - алтын қойнауым.
Шу бойы - жұмақжайлауым.
Бетпақтай алып аймағым,
Мойынқұм жері жайдарым!

ҚАЙЫРМАСЫ:
Құшағы құтқа тұнған жер,
Даласы дархан думанды ел.
Асқақтай берсін есімің,
Жасай бер, жаса, туған жер!

МОЙЫНҚҰМ – КИЕЛІ МЕКЕНІМ

Мойынқұм алтын бесігім,
Алпыстың аштың есігін.
Зымырап жылдар өтіпті,
Тойлайтын кез де жетіпті.

Құтты да болсын торқалы,
60 жыл толған мерейтой.
Сені жырыммен тербетіп,
Аштым жыр дастан есігін.

Елу жылда ел жаңарған,
Алпыста тасып толысқан.
Мойынқұм жері кең байтақ,
Көзді тартады алыстан.

Құмы да тұнған қазына,
Сексеуілі мен сұңғыла .

Шөл-шөлейтті,жал,бұйраттар,
Керілген кербез созыла.

Ен шалғай жатқан өлкеме,
Асыл сөздермен кестелеп.
Тойына шашу шашайын,
Жырымды арнап дестелеп.

Атбасын бұрған атақты,
Қайраткер,көбір даналар.
Қыдыр шалып,бақ қонған,
Киелі өлке боп саналар.

Облыстан ен шалғай,
Қиыр шетте жатса да.
Асудан асып шыға алған,
Көп жетістіктер шыңына.

Ауданымызда Мойынқұм,
Округтер саны он алты.
Еңбегі тасып қайнаған,
Он алты қыздай жайнаған.

Қойнауы толы байлыққа ,
Жайлауы болған Сарыарқа.
Құмына терең қыстатқан,
Мыңғырған мал мен қойларын.

Киелі Мойынқұм төрінде,
Жаратқан өзі жар болып.
Нәсіп етсін ел- жұртыма,
100жылдық тойын тойлауға.

Айман НОҒАЕВА,
ардагер ұстаз.
Айтбай Назарбеков ауылы.

МЕЙІРІМ СЕКІЛДІ ЕДІ КҮН НҰРЫ,

ЖАЗЫЛБЕК ҚУАНЫШБАЕВ -130

МОЙЫНҚҰМНЫҢ АТЫ АЛЫСҚА ЖАЙЫЛДЫ



Қазақ Ұлттық аграрлық университетінің мәжіліс залында дала академигі, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаевтың 130 жылдығына арналған «Қазақстанның қой шаруашылығы: дәстүрі, дамуы және болашағы» атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция өтті. Конференцияны аталған университеттің ректоры, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының академигі Ақылбек Күрішбаев құттықтау сөзбен ашып, жиынның мәні мен маңызына терең тоқталды. Жазылбек Қуанышбаевтың өмірбаянына, ерен еңбегіне ерекше назар аударды.

Мұнан соң Доғдырхан Тұрлыбек пен Мақсат Сейдалиев бірлесіп әзірлеген «Қазақтың қара шалы» атты деректі фильм көпшілік назарына ұсынылды. Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп ғылыми зерттеу институтының басқарма төрағасы, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы Айбын Төреханов, «Қаракөл қой шаруашылығының майталманы» атты баяндаманы академик,ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, профессор Әбдірахман Омбаев жасап, Жазекеңнің мал шаруашылығындағы ісінің ғылыммен байланысқаны туралы кеңінен мәліметтер берді. «Ресей федерациясының қой шаруашылығы жағдайы және даму перспективасы туралы» атты баяндаманы Мәскеу қаласынан келген академик Юсупжан Артықұлы Юлдашбаев, «Жазылбек Қуанышбаевтың отандық қаракөл қой шаруашылығын дамытуға қосқан үлесі» тақырыбында ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы,қазақ ұлтаралық зерттеу институты директорлар кеңесінің төрағасы Тыншыбай Досымбеков баяндама жасады.

Конференция үстінде Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрінің құттықтау хаты келіп түсті. Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеевтің құттықтау хатын облыс әкімінің орынбасары Әбілхайыр Тамабек жеткізіп, жиналған зиялы қауымның алдында сөз сөйледі. «Жазылбек ата жолы – барша еңбеккерлерге үлгі. Біздің өңірде Жазылбек Қуанышбаевтың өнегелі еңбек жолы үнемі насихатталып, ол кісінің істері жас ұрпаққа тәрбие ретінде әрдайым айтылып отырады. Жаз-атаның мал шаруашылығындағы өсиеті мен тәжірибесіне сүйенген шаруалар қазіргі таңда да мол табысқа жетіп отыр»,- деді Әбілхайыр Ғалымұлы. Сонымен қатар Алматы, Жетісу облыс әкімдерінің құттықтау хатын арнайы өкілдері сөз сөйлеп табыс етті. Конференция соңында Жаз-атаның туған жерінің сәлемін ала барған Мойынқұм ауданының әкімі Ермек Карентаев сөз сөйлеп, аудан халқының Жаз-атаға деген ерекше құрметін жеткізіп, ұйымдастырушыларға және баяндама жасаған ғалымдарға алғысын білдірді. Барша қонақтарды 2026 жылдың 29-30 мамырында өтетін ауданның - 60, Жазылбек Қуанышбаевтың - 130 жылдығына шақырды.

Халықаралық ғылыми тәжірибелік конференцияның жоғары деңгейде өтуіне «Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаев атындағы» халықаралық қорының мүшелері, Заң академиясының ректоры, заң ғылымдарының докторы Өмірәлі Жалайри, Мақсат Сейдалиев, жерлесіміз академик Абылай Сансызбайұлының үлкен үлес қосқанын айта кетеніміз жөн.

Осылайша Алматы төрінде Мойынқұм ауданының мерейі артып, мәртебесі көтерілді.

Жолдыбай ДӘМЕТОВ,
«Мойынқұм таңы».

САРҒАЙҒАН ГАЗЕТ БЕТТЕРІНЕН

ҚАЗІРГІ ҚОЙШЫ ОЙШЫ ДА

Әдетте ұлы дүбір тон бола қалса ел құрмет төріне алдымен ардақтыларын шығарады. Биыл кат-қабат келіп, бір-біріне ұласқан қалың мерекеде мен де көп қадірін айрықша көріп-біліп отырмын. Солардың бірі - Советтік Қазақстанның жарты ғасырлық мерекесі алдында да мені қолпаштап, өткен өмір, қазіргі бақытты заман туралы айтып беруді жастар жағы көп қолқалайды. Сондай шақта жетпістің желкесіне іліккен шағымда көрген-білген талай жайлар еске түседі.



СУРЕТТЕ: Социалистік Еңбек Ері атағын екі рет алған атақты шопан ЖАЗЫЛБЕК ҚУАНЫШБАЕВ [Жамбыл облысы] қой өсіру жөніндегі өзінің мол тәжірибесін жастарға үйретуден әсте жалыққан емес, Қазір де ол өз шәкірттеріне қой бағудың қырлары мен сырларын түсіндіріп тұрады.

Суретті түсірген О. Ким.

Мен жасымда не көрмедім. Осыдан елу жыл бұрын - тепсе темір үзетін жігіт кезімде бай қойын баққаным есіме түссе, әлі күнге дейін төбе шашым тік тұрады.

Талай қақаған аязда, ақпандағы боранда қой күзетіп отырғанда атпаған тағ Октябрь шұғыласымен бірге келді. Алғаш колхоз құрылып, алдыма ауылымыздың азын-аулақ тоқты-торымдары түскенде мен енді шопандық кәсіпті қорлық көрген жоқпын. Өйткені малшы еңбегі мақтанышқа айналды. Біреуім екеу болып, абыройым тасыды. Қазір менің омырауымда еліме бақыт әперген ұлы Лениннің бейнесі бар ордендер, Совет Одағының ең ардақтыларына берілетін екі Алтын жұлдыз жарқырайды. Мүмкін, осыдан болар, бүкіл республика еңбекшілері мені «ата шопан» атап ардақтайды. Облысымыздағы менің көп-жылдық тәжірибемді үйренетін озат тәжірибе мектебінде мыңдаған жастар оқиды. Бұл күнде білімі де, тәжірибесі де мол шәкірттерімнің саны 20 мыңға жуықтайды екен. Олардың алдында баққан 3 миллионнан аса қой қыруар табыстың көзі болып отыр.

Алысқа ұзамай-ақ облысымыз өз алдына отау тіккен 1939 жылдың өзінде Талас пен Шу өңірінде небәрі 556 мың қой, ешкі болғанын ескерсек,менің көз алдыма өскен осы ел байлығын елестетудің өзі қиын. Алғаш «Айдарлыда» алдыма түскен отарда 200-ге жетер-жетпес қой қазір мыңғырып 60 мыңға жетіпті. Алпыс мың қойды айдаған осындай бай совхоздар облыстағы он ауданның кай-қайсысынан болса да табылады.

Ел дәулетін Таластай тасыған әріптестерім-қалың шопандар қауымын мақтаныш етемін. Қазіргі шопандар бұрынғы қой соңында салпаңдаған жалдамалы жан емес, олар еліміздің ардақтысы, мақтанышы. Облысымызда соңғы жылдары ондаған шопан Социалистік Еңбек Ері атағын алса, омырауларына ордендер мен медальдар жарқыратқан қойшылар жүздеп табылады. Солардың арасында Мойынқұм ауданындағы «Айдарлы» совхозы-нан Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Ділдәш Итбасова, Шу ауданындағы Абай атындағы совхоздан Мәртай Юсупова, Талас ауданындағы Жданов атындағы совхоздан Қатпа Егембердиев, Меркі ауданындағы «Қазақстан» колхозынан Ошақбай Ибраимов сияқты Социалистік Еңбек Ерлері және басқа да бірқатар шопандар қазір бүкіл республика малшыларына жақсы танымал. Жыл сайын әр жүз саулықтан 130-150 қозы өргізіп, әр койдан 4-5 килограмм жүн қырқып жүрген ардагер азаматтарымыз қай колхоз бен совхоздан болса да табылады.

Елу жылда ел жаңарғанын көз алдымда өткізген күәгер қарт ретінде мен талай қойшының ел билігіне араласып отырғанын мақтаныш етемін. Ауылдасым әрі шәкіртім Ділдәш Итбасова қазақ елі парламентіне мүше болып отырса, Сарысу ауданындағы «Байқадам» совхозының жас шопаны Серік Елеубаев жақында ғана СССР Жоғарғы Советіне депутат болып сайланды. Жергілікті Советтерде депутат шопандар тағы қаншама?!

Советтік заман қойшыны ойшы да етті ғой. Көптеген шопандар қазір шаруашылықтарды басқарады. Солардың бірі - Талас ауданындағы атақты «Талас» қаракөл қой заводын басқаратын Социалистік Еңбек Ері Әбдір Сағынтаев. Ол осыдан он-онбес жыл бұрын қатардағы шопанның бірі болатын. Шопандықтан директорлыққа ерлік еңбегімен көтерілген Ә.Сағынтаев КПСС XXIII съезінде президум төрінде отырды. Ол КПСС Орталық Комитеті Тексеру комиссиясының мүшесі. Мен өз ізімді басып өсіп келе жатқан осындай жақсы інілерімді көріп қуанамын.

Жоғарыда мен бүгінгі қойшы ойшы да деген едім. Осының бір дәлелі ретінде осыдан екі-үш жыл бұрын республика үкіметі Оңтүстік Қазақстанның биязы жүнді асыл тұқымды қойын өсіріскені үшін талай адамға «Қазақ ССР-ның социалистік мал шаруашылығы шебері» атағын бергенде олардың жартысына жуығы қатардағы шопандар болатын. Меркі, Луговой, Жамбыл, Свердлов, Жуалы аудандарының бір топ озат шопандары жаңа қой тұқымын шығаруға мамандармен бірдей қатысты, жаңалық авторлары атанысты. Сондай-ақ Талас, Сарысу аудандарында да алтынға пара-пар елтірі беретін қаракөл қойын өсіруге еңбегі сіңген жандар аз емес.

Көбіне елден шалғай жүріп, шілдеде күнге күйетін, қыста суыққа тоңатын шопандардың еңбегі шын мәнінде ерлік қой.

Мен сол еңбегі ерлікке пара-пар қауымның өкілі болғанымды мақтан көремін.

Жазылбек ҚУАНЫШБАЕВ,
Социалистік Еңбек Ері атағын екі рет алған ардагер шопан, КПСС XXII съезінің делегаты.
Мойынқұм ауданы.
(«Еңбек туы» №152. 31.07.1976 ж. қазіргі «Aq jol» газеті).

ҚАЙРАТКЕР ТОЛҒАНЫСЫ

ЖАЗ АТАДА ЕРЕКШЕ ҚАСИЕТ БОЛДЫ

Өмірде барлық жақсылық еңбекпен, төгілген термен, ақ тілекпен келеді. Жазылбек Қуанышбаев атамыз жайлы естелік айтқысы келетіндер көп. Мен ол кісінің ерекше қасиеттеріне тоқталғым келеді. Елімізге есімі белгілі Қуаныш Сұлтанов деген азамат бар. Кезінде Қазақстан Республикасы Премьер- Министрдің орынбасары қызметіне дейін өсіп, өз еңбегімен жетті. Сол азамат жас кезінде Жазылбек атамыз жайлы зерттеу мақала жазып, аңыз шопан жайында көбірек білсем деп ізденеді. Әйгілі шопанға сәлем беріп келуді де ұмытпайды. Сол ізденісі мен ізеті Жаз-атаға ұнап, малшылардың маршалы жап-жас Сұлтановқа тұлпар мінгізбекші болады. Сол кезде жас жігіт Қуаныш Сұлтанов: «Ата, тұлпарыңызға көп рахмет. Менің бір өтінішім бар. Маған өзіңіз мәндайыңызды сүрткен, мәндай теріңіз сіңген бет орамалыңыз бен батаңызды берсеңіз ризамын» дейді. Әйгілі Жаз-атаның бір жапырақ бет орамалын алып қайтқан Сұлтановқа ата-анасы риза болып, шексіз қуаныпты. Жаз-атаның батасы мен бет орамалына риза болған Сұлтанов өмір бо йы аттан түспей, тақтан түспей қызмет етті.

Өмірде ештеңе өзінен өзі болмайды. Мені Рысбала апам алты жасар кезімде Жаз-атаның үйіне ертіп барып, атаның батасын алғанбыз. Жаз-атаның батасын алған мен де өмір бойы жоғары қызметтер атқарып, елге сыйлы болдым. Халық қалаулысы болып, елге қызмет еттім. Әлі де республикалық деңгейде қоғамдық қызметте келе жатырмын. Жаз-атамызда батасы бірден қабыл болатын ерекше қасиет болды. Ол әрине көп кісілерге бұйыра бермейтін құндылық. Сондықтан, Жаз-атамыздың тойы – елдің тойы. Той құтты болсын. Жазылбек атамыздың атағы мен абыройы арта берсін. Қазақы дәстүр мен салтқа, жомарттыққа бай Мойынқұм ауданы өсіп өніп, жасай берсін!

Оразқұл АСАНҒАЗЫҚЫЗЫ,
қоғам қайраткері, мемлекеттік «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің иегері.

ҚҰРМЕТ

АТАНЫҢ БАТАСЫНАН ЖАМАН БОЛҒАН ЖОҚПЫЗ



Мойынқұмда Жазылбек атаның жолын құғандар, сол кісіден еңбектің қыр-сырын үйренгендер көп болды. Ақсақал қай кезде де жастарға ақыл айтып, өнеге көрсетуден жалықпан жоқ. Оны жас кезіміздің көзіміз көрді. Ауданның жастарын еңбекке қанаттандырған кісінің бірі – Жаз-ата.

Атаның батасын алған шәкіртінің бірі – менмін. Атаның жолын қуып аға шопан болдым. Еңбекке ерте араластым. Мал шаруашылығының ыстығы мен суығына төздім. Үйренуден жалықпадым. Ондай кішілікпен, ізденістен жамандық көрген жоқпын. Мал шаруашылығына ұзақ жыл еңбегіміз сіңді. Жаз-ата жүрген жайлауда бізде мал жайдық. Атаға сәлем бердік, әңгімесін тыңдадық, өнегесін алдық. Ол ең қызықты, ең мазмұнды сәттер екен.

Кейінірек бізді де ел бағалап, басшылар жұмысымызға көңілдері толып, елене бастадық. Бәлкім бағымыз бар шығар, нәсібіміз шығар, есіміміз елге танылды. КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып, 4 жылға жуық мандатқа ие болдым. Шерхан Мұртаза, Мұхтар Шахановтармен бірге бір залда отырып, барша қазақ елінің мәселелерін биік мінберден көтердік.

Міне, қазір 87 жасқа қарай аяқ бастым. Оңай жас емес қой, тағдырыма ризамын. Осы жетістіктерімнің бәріне көңілім толады. Жаз-атаның маған берген ақ батасы қабыл болды. Аудан тойы, Жаз-ата тойы құтты болсын!

Күлзада ТІЛЕУБАЕВА,
еңбек озаты, 1988-1991 жылдардағы КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты.

АТАНЫҢ ЖОЛЫ

АҚСАҚАЛ АҚ ТАЯҒЫН МАҒАН БЕРГЕН



Жазылбек атамыз жайлы естеліктер көп айтылып жатқан болар. Мен де мал шаруашылығында еңбек етіп, сол аңыз ақсақалға шәкірт болғанымды мақтан етемін. 20 жастан енді асқан кезіміз ғой. Бірақ, бала күннен мал шаруашылығын біліп, үлкендерден үйреніп, есейдік. Сол жиырмадан асқан жасымызда жеке отар қабылдап алып, еңбекке араластық. Міне осы кездерде Жазылбек Қуанышбаев атамыз өзінің шопан ретінде қолданған ақ таяғын маған ұстатты. Облыстан өкілдер келіп, сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Айтбай Назарбековтің қатысуымен өткен үлкен жиында атаның ақ таяғына ие болдым.

Атаның сол сенімін өзіме деген жауапкершілік деп қабылдадым. Бірнеше жыл аға шопан болып, кейіннен қызметке де араластым. Мал шаруашылығына қатысты ферма меңгерушісі, бас мал маманы қызметтерін абыройлы атқардым деп ойлаймын. Атамыздың жолын қуып көптеген жастар қалыптасты. Мыңдаған жастар адал еңбекке бет бұрды. Әлі де Жаз-атаның рухына тағзым етіп, есімін ардақтайтындар өте көп.

Аңыз адам, малшылар маршалының тойы құтты болсын! Ауданның абыройы арта берсін! Жастардың жолы жарқын болсын!

Бөгенбай БИДАСБАЕВ,
еңбек ардагері.
Айдарлы ауылы

ЖҮРЕКТЕН ШЫҚҚАН ЖЫР

АҢЫЗ АДАМ-ЖАЗ АТА

Бақ қонған Мойынқұмның мақтанышы,
Төрт түлікпен қайыстырған кең даланы.
130 жасқа толды биыл ата,
«Малшылардың маршалының» мерейтойы.

Екі мәрте Еңбек Ері атанған,
Қос жұлдызы жарқырағаң төсінде.
Төлі егіз мыңдаған қой өргізген,
«Қаракөл» елтірісі ел есінде.

Еңбегін бүкіл әлем үлгі тұтты.
Құдайым бере салған ырыс-құтты.
Дели, Познань, Бухарест, Нью-Йоркте,
Аукциондарда бағаланды елтірісі.

Тәуелсіз елімізде еңбек қайнай,
Баба жолын қуған көп жастар жайнай.
Аңыз адам еңбегін оқып талдай,
Ұрпағымыз өсіп жатыр ізін жалғай.

Жазылбектей бабамыз мақтан бізге,
Ұрпағына із қалдырған, қой өргізе.
Еңбекпен жанған шырақ жұлдызымыз,
Күндей жайнап нұрын төккен нұр үстіне.

Ширек ғасыр Мойынқұмға болған басшы,
Айтбай ата арттырған баба даңқын.
Қонаев қос жұлдызды тағып ердің,
Паш еткен зор еңбегін бар әлемге.

Құтты болсын бабаның мерей тойы,
Үлгі болар бабаның еңбек жолы.
Жалғайтын жалындаған бар жастары,
Еңбектің жайнай түссін жыр дастаны.

Айман ӘУЕСБЕККЫЗЫ,
А.Назарбеков ауылы.

Мұрағаттар және құжаттама ұлттық басқармасының Мойынқұм ауданы бойынша мемлекеттік мұрағаты
Государственный архив Мойынкумского района Управления национального архива и документации

ЖАЗ АТАМЫЗ – АДАЛ ЕҢБЕКТІҢ СИМВОЛЫ!

ҰРПАҚ ҮНІ

«САҒЫНДЫМ ӘКЕ ИІСІҢДІ...»



Мен Жаз-атаның үлкен ұлымын. Әкемді еске алып жазбағаныма да 5- 6 жылдың жүзі болып қалыпты. Өзіміз айқындап айтып кетпесек, кейінгі жас ұрпақ біздің тарихымызды жақсы біле алмайды. Олар елдің, жердің тарихын, белгілі тұлғалардың өмір жолын білгендері дұрыс. Ол үшін үлкендер үлгі болып, жол көрсетуі тиіс. Сондықтан қолыма қалам алдым. Естіген, көзіммен көрген, көңілімде сайрап тұрған нәрселерді айтсам деген ой мені мазалай береді.

Әкем Жазылбек Қуанышбаев 1986 жылы Мойынқұм ауданы, қазіргі Жамбыл ауылының төменгі қыстақтарының бірінде дүниеге келген. Әкесінің есімі Қуанышбай екенін ел біледі, анасының есімі – Айтқүл. Айтқүл әжеміз Талдықорғанның қызы екен. Талдықорғандық Жалайырлардың ішінде Сыпатай руынан болатын. Ал енді анамыз Жайшабала апам Орта жүздің ішінде Тарақты руының қызы болатын. Шу ауданы, Төле би ауылында туған. Ағасы Әлеуке мен жеңгесі Рахиманың қолында өскен. Әкем Жазылбек осы кісілердің қолынан 1940 жылдардың басында құда түсіп, алған. Мұны апамның өзі әңгімелеп айтып отыратын.

Жазылбек әкемнің мінез - құлқы, жеке қасиеттеріне де тоқталғаным артық болмас. Ол кісі көп сөйлемейтін, тұйықтау, бірақ аққөңіл адам болды. Алайда, ашуланған кезде әкемізді тоқтату оңай шаруа емес еді, өте қиын еді. Осындай қатты ашуланған кезінде кейіннен алған әйелі Әлімхан апамызды ұрып та алушы еді. Екі мәрте Социалистік Еңбек Ерінің мінезі біртоға, салмақты, қарапайым еді.

Әкемнің еңбек даласындағы шәкірттеріне тоқталатын болсақ, айтатын нәрсе аз емес. Әуелі Ділдәш Итбасова апамыз ойға оралады. Ділдәш апай аудан бойынша әкемнен кейін Социалистік Еңбек Ері атағын алған екінші адам болды.

Әкемнің Социалистік Еңбек Ері ретінде өмірінде қиыншылыққа тап болған, көптеген жазықсыз адамдарға қол ұшын беріп, құтқарғанын талай рет байқадым. Кінәсі жоқ талай адамды жазадан босаттырғанына көпшілік халық куә. Халық біледі деп ойлаймын. Жазылбектің тұңғыш баласы болғандықтан, өте ерке болып өстім. Шынымды айтсам жабайы бала сияқты едім. Мектеп партасына біразға дейін қалыптаса алмай, әрең дегенде үйрендім. Менің алғашқы ұстазым Істілеу Орынбасаров ағай болды. Сабақтан қашып кетіп көршілес Әлиман апамның үйінде көрпенің астында тығылып жататынмын. Істілеу ағай мінезді адам еді. Кей кезде менің бұзықтығыма шыдамы таусылып, ұрып та алушы еді. Осы жайтты таудан ауылға келген кезінде Жазылбек атама шағым жасап, айтатынмын. Атам ерінбей орнынан тұрып, қолына қамшысын алып, Істілеу ағайдың үйіне барып, ұстазымды қамшымен аямай ұрушы еді. Менікі балалық қой, шіркін! Сөйтіп, алғашқы ұстазымды сабатқан кездерім болды. Кейінірек жігіт болған кезімде Істілеу ағай осы мінездерімді еске алып, мені ұялтқан еді.

* * *

Енді атамның (әкемді «ата» деп те атаушы едім) қой баққан жылдары қой қашыруға арналған пункті, мал төлдететін көктеуі, жаз жайлауы мен қыс қыстауы қай жерлерде болғанын айта кетейін. Қой төлдететін көктеуі «Тоғыз» және «Тақыр» деген мал жайылымы еді. Көршіміз Ағысбек деген кісі болатын. Ағысбек ағаның арғы түбі Бибек атадан тарайды. Ал қойды қашыруға арналған пункті «Жиделі» станциясына жақын жерде орналасты. Әрі - бері жөнкіліп жүрген пойыздардың тарсылы мен гүрсілі естіліп тұратын еді. Көршіміз ылғи Төлеубек ата болатын. Бұл кісінің Бақдәулет, Оңғар атты екі ұл баласы және Мейраш атты қызы болды. Мейраш менімен жасты болатын. Екі ұл баласы дүниеден ертерек озып кетті. Ал, қызы Мейраш қазір Тараз қаласында тұрады. Атамның қыстауы Хантауының орта тұсына кіре берісте екі отар қойға арналып салынған еді. Бұл қыстау «Сұңқар» деп аталатын. Көршіміз Тыныштыбай Ахметжанов деген ата болатын. Тыныштыбай көршісімен де атам сыйласып, жақсы күндерді бірге өткізді.

Әкем жаз жайлауын «Өскенбай» сайында және кей кездері «Мұқатай» сайында өткізетін еді. Бұл жерде біз Бұлан атамен көрші болушы едік. Бұлан атаның кемпірі Сәлім апамның есімін ұзақ жылдар бойы ұмытқан емеспін. Өйткені, Сәлім апамыздың ақындық өнері бар еді. Әнді айтқан кезде даусы керемет еді. Тау етегінде сол уақыттарда Мұқатай деген атақты кісі өмір сүрді. Мұқатай ата маған бай адамның ұрпағы сияқты көрінетін. Сай осы кісінің есімімен аталады екен. Кеңшардың (совхоз) қой қырқыны да осы жерде ұйымдастырылатын. Қырқынға арналған баз және бірнеше баспана үйлер бар. Мұқатай ағаның үйіне жиі баратынмын. Өйткені, ол кісінің баласы Биғайша менімен қатар еді. Екеуміз бірге ойнаушы едік. Одан сұрастырып білгенім, рулары – Сәмбет, Балуан Шолақ ауылының тумасы екен. 1948 жылы әкем алғашқы алтын жұлдызын алған кезде, Әшім Тоқсейітов деген кісі «Кеңес» ұжымшарының төрағасы болған екен. Ал, Көктерек ауданын Шорабеков деген кісі басқарып тұрыпты. Әшім ағаны 1964 жылы Көктерек ауылына көшіп келгенде бір-ақ көрдім. Әшім аға «Көктерек» кеңшары партия комитетінің хатшысы қызметін атқарып жүр екен. Бұл кісі бірінші алтын жұлдызын алатын жылдары әкеммен бірге еңбек еткен, алтын жұлдызды алуына ықпал еткен партия қызметкері. 1958 жылы атам екінші алтын жұлдызын алғанда ауданды Уәлихан Қайназаров деген кісі басқарып тұрған екен. Ол кезде әкем әр жүз саулықтан 155 қозы алған. Қаракөл қозысының терісі 86 пайыз көрсеткішпен бірінші сортпен өтіп, әр қойдан 4 килограмм жүн қырыққан. Осы елеулі еңбегі үшін екінші мәрте Социалистік Еңбек Ері атағы беріліпті. Мұндай жоғары атаққа екінші рет қол жеткізген адамға туған елінде ескерткіш орнататын заң болған. Әкеме ескерткіш 1960 жылы Бірлік ауылының орталығына орнатылды. Ескерткіштің ашылуына халық өте көп жиналып, үлкен салтанатты жиын болған еді. Жазылбек атамның Түркмениядан алып келген баласы Жасұзақ 1960 жылдың қаңтар айында ауырып қайтыс болды. Ол кісіні жерлеуін ұйымдастырып, Кеңес ауылы үлкен құрметпен мәңгілік сапарына шығарып салды. Бұдан кейін әкеме көмекші шопандық жұмысты бізге жиен болып келетін Тұрғынәлі Мықтыбеков деген кісі атқарды. Тұрғынәлі ағай әкем зейнеткерлікке шыққанша көмекші шопан болып еңбек етті. Жазылбек атам ақ таяғын және отарын жас шәкірті Бөгенбай Бидасбаевқа өткізгеннен кейін Тұрғынәлі ағаға шын ықыласымен ризашылығын білдіріп, еліне қайтуына рұхсатын берді. Батасын да берді. Тұрғынәлі аға әйелін ертіп еліне қайтып кетті.

1965 жылы Жазылбек атам Құрметті еңбек демалысына шықты. Әр адамға өзінің туған жері қымбат екені белгілі. Сондықтан болуы керек әкем туған жерін, елін айта берді. Соны байқаған сол кездегі аудан басшысы Айтбай Назарбеков 1968 жылы Жамбыл ауылынан еңселі үй салдырып, атаны көшіріп әкелді. Екі дүркін Социалистік Еңбек Еріне осылай тағы да құрмет көрсетілді. Осылайша Жамбыл ауылына, яғни, әкем туған мекенге көшіп келдік. Ол үйде біраз жыл отырғаннан кейін әкем аудан орталығына көшті. Аудан басшылары солай шешкен екен. 1967 жылы әкемнің кіші әйелі Әлімхан апамыз дүниеге егіз ұл – Қойшыбай мен Тойшыбайды әкелді. Бұл сәт әке өміріндегі үлкен қуанышты жағдай еді. Осы қуанышқа байланысты Көктеректе үлкен той жасалынды. Әкем аудан орталығына көшерде отырған үйін аманаттап маған тапсырды. Қазір осы үйде тұрып жатырмын, 75 жастамын. Басыма әртүрлі ой келеді. Әкемнің есімін ардақтап жүрген барша көпшілікке алғысымды білдіремін.

Бейбіт ҚУАНЫШБАЕВ,
үлкен ұлы.
Жамбыл ауылы.

ЖАЗЫЛБЕК ҚУАНЫШБАЕВ -130

Жазылбек Қуанышбаев атамыз биыл 130 жасқа толып, республика, облыс аудан көлемінде көптеген іс-шаралар өткізіліп жатыр. Оның куәгері ретінде ауданда өтіп жатқан іс-шараларға қатысып жүрміз. Аудандағы кітапхана қызметкерлері де, мектеп ұжымдары да бұл іске бір кісідей атсалысып жатқанын көзімізбен көрудеміз

ЕСІМІЗДЕН ШЫҚПАЙДЫ

Атамыздың көзінің тірісінде жыл сайын ауыл іргесіндегі «Тұлпарсаз», Арқаның «Бөріктал» жайлауында малшылардың слеті өтіп, онда қазақша күрес, бәйге, көкпар, теңге ілу, қыз қуу жарыстары өткізіліп, концерттік бағдарламалар берілетін. Облыс көлемінде ақындар айтысы ұйымдастырылып, оған белгілі ақындар қатысып, мәдениет қызметкерлері төрелік ететін.

Сондай-ақ жыл сайын орта мектеп бітірушілердің де слеті тұрақты өтіп тұратын. Бұл жиын сол кездегі Сәкен Сейфуллин атындағы кинотеатрда өтетін, салтанатты жиынның соңы концерт берумен аяқталатын.

Мен 1973 жылдың қаңтарында аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы қызметіне келдім. Осы жылы ауданда комсомол-жастар шопандар бригадасын құру жөнінде бастама көтеріліп жатқан уақыт еді. Қазақстанда мал басын 50 миллионға жеткізу жөнінде сол кездегі Орталық Комитеттен ұран болып, оны қолға алу жөнінде тапсырмалар берілді. Осы мақсатта Қазақстан бойынша сол кездегі Семей облысының Шұбартау ауданы, Жамбыл облысының Мойынқұм ауданының комсомол-жастар, шопандар бригадасын құру жөніндегі Үндеулері баспасөз бетінде жарық көріп, арнайы плакаттар шығарылды.

1974 жылдың мамыр айында орта мектеп бітірушілердің дәстүрлі слетінде ауданда комсомол жастар, шопандар бригадасын құру жөнінде кеңінен әңгіме өткізіп, насихат жұмыстары басталып кетті. Сол кездегі орта мектеп бітірушілердің бір тобы бұл ұсынысты қолдап, қой бағуға баратындықтарын айтты. Бірінші болып бұл ұсынысты «Айдарлы» совхозының Кеңес орта мектебінің оқушылары қолдады.

Осы слетте сөз алған екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаев, Социалистік Еңбек Ерлері Ділдәш Итбасова, Шоман Шәріпбаев, СССР Жоғарғы Советінің депутаты, аға шопан Нұржамал Тұғанбаевалар қолдап-қуаттап, мектеп бітірушілерге өздерінің ризашылықтарын білдірді. Міне, осы жылы «Айдарлы» совхозынан «Сұңқар», «Шалқар», Амангелді атындағы совхоздан «Шұғыла», «Шағала» атты комсомол жастар, шопандар бригадасы құрылып, өз жұмыстарын бастады.

1974-1976 жылдар аралығында ауданда барлығы 11 ірілендірілген комсомол - жастар шопандар бригадасы құрылып, тиянақты жұмыс істеді. Оларға аудан басшылығы тарапынан қолдау көрсетіліп,материалдық - моральдық тұрғыдан көмектер берілді. Кейбір жекелеген бригада мүшелері жоғарғы оқу орындарына түсті, тиісті органдарға депутат болып сайланды, медальдарға ие болды.

Жазылбек атамыздың 70 жылдық торқалы тойы 1967 жылы республика көлемінде аталып өтті.

Оған Қазақстанның түкпір-түкпірінен атақты азаматтар, еңбек майталмандары қатысып, бір-бірімен көрісіп, мәре-сәре болғанын өз көзіммен көрдім. Сол жылы мен Бірлік ауылындағы сол кездегі С.М.Киров атындағы, қазіргі халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбеков атындағы орта мектебін бітірдім. Әлі есімде осы жылы Жаз-атаның Қойшыбай, Тойшыбай атты егіз ұлдары өмірге келіп, қос қуаныш бірге аталып өтті.

Міне биыл мен сол атақты шопан атаның сол кездегі жасынан асып,75 келіп отырмын. Соған да шүкіршілік етемін және сол үшін қуаныштымын.

Сол кездегі атамыздың айтқан бір сөзі: «Менің 70 жасқа толғаныма рақмет, сендердің келгендеріңе рақмет» деген сөзі ел ауызында күні бүгінге дейін жаттаулы және мақал-мәтел ретінде айтылып жүр. Бұл торқалы, дүбірлі тойға халық ақыны, әнші-композитор, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері Кенен Әзірбаев бабамыз, әйгілі күріш өсіруші, Социалистік Еңбек Ері атағын екі рет алған, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ыбырай Жақаев атамыз қатысып, жырдан шашу шашып, төкпе-нақыл сөздер өрнектелді. Түрлі спорт ойындары, бәйге-ат жарыстары, қазақша күрес, ақындар айтысы, өнер адамдарының концертімен жалғасты.

Атамыздың көзі тірісінде 50, 60, 70, 80, 90 жылдық торқалы, дәстүрлі, мерейлі тойлары республика көлемінде өткізіліп тұрды. Қайтыс болғаннан кейінде 100, 110, 120 жылдық мерейлі тойлары облыс, аудан көлемінде кеңінен тойланды.

1977 жылы Жаз-атаның 80 жылдығы республика көлемінде, өзіміздің «Тұлпарсаз» жайлауында атап өтілді. Бұл тойға да республика көлеміндегі атақты айтыс ақындары, ақын-жазушылар, әртістер, балуандар, Еңбек Ерлері қатысты. Бұл басқосу малшылардың дәстүрлі слеті ретінде өтті, ақшаңқай бірнеше киіз тігіліп, қонақтар, күтілді. Бағдарлама бойынша қазақша күрес, ақындар айтысы, концерт республикалық дәрежеде ұйымдастырылды.

Қазақша күреске төрағалық еткен Жақсылық Үшкемпіров болды. Ол кезде мен аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы едім. Сол жылдан бастап Жақсылықпен таныс болып, құрбы-құрдас ретінде сыйласып кеттік, өмірінің соңына дейін дос болдық. Сол жылы Жаз-атаның шаңырағында болып, біраз сұхбаттасып, сыйласып қайтқан жағдайымыз бар.

Атамыз байсалды, сабырлы, ақжарқын, аққөңіл, көпші, өте қарапайым - нағыз еңбек адамы еді. Абырой-атақ, дәрежеге еш қызыққан емес. Республика, облыстан тіпті одақ көлемінен келген қонақтар Жаз-атаға сәлем бермей кеткен емес. Шаңырағында болып емін-еркін әңгімелесіп, сұхбат жүргізіп қайтатын.

Сол кездегі ВЛКСМ (БЛКЖО), ЛКСМ (ҚЛКЖО) облыстық комсомол комитетінен келгендерде атамыздың үйіне соғып, сәлем беруші еді. Сондай естеліктің бірі Қазақстан Ленинші Коммунистік Жастар Одағының сол кездегі бірінші секретары Закаш Камалиденов пен облыстық комсомол комитетінің бірінші секретары Сағынхан Әмірекұловтің ауданға келуі еді. Бұл кісілерді әуежайдан сол кездегі аудандық атқару комитетінің төрағасы Байділда Кәдірбергенов екеуміз қарсы алып, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Айтбай Назарбековке кіргіздік. Ауданның тұрмыс тіршілігі жөнінде, оның ішінде аудан жастарының атқарып отырған жұмыстары жөнінде баяндалды. Міне, бұл жолы да келген қонақтар Жазылбек атамыздың шаңырағында болып,әңгімелесіп қайтты. Республикадан, облыстан келген ақын-жазушылар, өнер адамдары, белгілі қоғам қайраткерлері атамыздың үйіне соқпай кеткен емес. Солардың бірі халық әртісі, Қазақстан Жастар Одағы сыйлығының лауреаты Нұрғали Нүсіпжанов ағамыз еді. Ол кісінің менімен бірге атамыздың үйінде екі рет болғаны әлі есімде. Мұның өзі атамыздың көпші, қонақжай екендігін білдірсе керек.

Бекмұрат ЖАМБЫЛОВ,
еңбек ардагері, Жамбыл облысының
Құрметті ардагері, ауданның
Құрметті азаматы.
Мойынқұм ауылы.

ТҰЛҒАҒА ТАҒЗЫМ

ЖАҢЫ ЖАЙСАҢ ЖАЗ-АТА

Қазақта «қара» сөзіне кие мен қасиет қонғандай. Небір ұлтқа тән түйдек тіркестер осы сөзбен астасып жатыр. «Қара жер», «қара бала», «қара орман», «қара халық», «қара шал» дегендей... Осынау киелі ұғымымен қабаттастырып, мақаламыздың маңдайына «Қазақтың қасиетті қара шалы» деп тақырып қойып, тарқата сөйлеуге болар еді.

Әйтсе де «Жаны жайсаң Жаз-ата» дегеніміз көңілге қонымды секілді. Биыл екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаевтың 130 жылдық мерейтойы. Атамыз жайлы айтар сөз көп, соның біразын ой таразысына салуды жөн санадық.



Қазақ «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деп, төрт түлікті төбеге көтеріп, малы аман болса, ары да бүтін боларын әріден болжаған ғой. Амандық сұраса алдымен «мал-жан аман ба?» деп сәлемдесуінің себебі сонда. Сол Шопан ата түлігінің қазақ үшін бағасы алтынмен пара-пар. Мұны неге айтып отырмыз, сол уақ малдың жай-күйін жақсы білген, жанын салып баққан Жаз-ата десек артық айтқанымыз болмас. Тарих өз алдына куәгер. Өйткені, Кеңес Одағы көлемінде мал шаруашылығы саласында екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атанған осы Жазылбек Қуанышбаев қана.

Жаз-ата жылдың төрт мезгілінде малдың жайын қамдап, көктемде көктеуге, жазда жайлауға, күзде күзеуге, қыста қыстауға көшіп-қонып жүрген. Сол көшпен бір шөкім бұлт ілесе жүріп, көш тұрақтаған жерге жауын жауатын көрінеді. Жаз-ата мұны «бәсіре жауының» дейді екен. Міне, осыдан кейін қалайша «Алланың нұры жауған кісі» демейсің!

Есімі Кеңестік кезеңде жер жарып тұрды. 60 жасынан бастап, 90-ға толғанға дейінгі мерейтойлары республика көлемінде тойланып, Мо-йынқұм ауданына қарасты Керей мен Жәнібек хандардың жайлауында өтті. Бүгінгі «Тұлпар саз» жайлауы десек те болады. Бұл дүбірлі тойға жер-жерден ұлт зиялылары келіп, ата жайлы толғақты пікір, толымды сөз айтқан. Қазақша күрестен халықаралық сайыс өткен. Доданың ерекшелігі – Моңғолия, Мажарстан сынды мемлекеттерден палуандар келіп қатыс-қандығы. Қазақтың мәндайына біткен біртуар тұлғалары Сәбит Мұқанов, Роза Бағланова, Нұрғали Нүсіпжанов сынды жазушылар мен әншілер тойдың сәнін келтіреді. Торқалы той үш күнге созылып, малшы қауым мен ұлт мақтаныштары бір арындап қалғаны көз алдымызда. Сол сәт әлі де көңіл төрінде.

1974 жылы Жаз-атаға Нұрғиса Тілендиев сәлем бере келеді. Лезде үйдегі анамыз қазан көтеріп, самаурынға шәй қояды. Ет желініп, емен-жарқын әңгіме айтылады. Кетерінде атамыз атақты композитордың иығына шапан жабуға оқталғанда, Тілендиев тәбәрікке өзі киген кез келген киімін беруді сұрайды. Жөн білетін Жаз-ата бәйбішесіне айтып, жоралғы жасаған екен. Артынан перзентті болуын тілеп, ақ батасын да беріпті. Содан көп ұзамай Нұрағаның үйінде сәбидің үні естіліп, қуанышқа толған екен. Міне бұл оқиға да атаның шапағатын шашып жүретін жан екенін айғақтайды. Мұндай қызықты оқиғалар атаның өмірінде көп болған. Ке-нен ақынның 90 жылдығында босағасында тұрып, бата сұраған Серке Қожамқұлов пен Бибігүл Төлегенова да көп ұзамай Социалистік Еңбек Ері атанады.

Көзі тірісінде аудан орталығында жеті метрлік ескерткіш тұр-ғызылды. Сол кезде ескерткіш тақтасына «Еңбек ерлеріне» деп жазылып, астына Жазылбек Қуанышбаевтың есімі жазылған екен. Мұны көрген атамыз аудан басшысы Айтбай Назарбековке «мына мүсін менен аумайды ғой» деп сұрайды. Сонда Айтекең «Ой, Жаз-ата Еңбек ерлері сізге ұқсамаған да кімге ұқсауы тиіс» деген екен. Жарықтық, ескерткіштің өзіне арналғанын сонда ғана ұқса керек. 1986 жылы дүниеден озғаннан кейін, атамызды сол ескерткіштің жанына жамбасын тигізіп, «Еңбек ерлеріне» деген тақтайшаны алып тастағанда, астынан «Жазылбек Қуанышбаев» деген жазу шыға келеді.

Кеңес өкіметі тарағаң соң, есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында аудан орталығындағы Новостройка көшесін «Жазылбек Қуанышбаев көшесі» деп өзгертті. Тағы да бірнеше ауылдағы көшелерге есімі берілді. Аудандық мұражайда ер есімін иеленді. Сонау 2000 жылдардан бері аудан атауын беру туралы мәселе көтеріліп келеді. 2011 жылы Жамбыл облыстық мәслихатының VII сессиясында Мойынқұм ауылын «Жазылбек Қуанышбаев ауылы» деп атау туралы шешім шықты. Бірақ осыдан 20 жыл бұрын көтерілген мәселе әлі де жабулы күйінде жатыр. Облыс, аудан басшылары қолдау көрсеткенімен жұмыс баяу жүруде.

2020 жылы қаңтар айында Ж.Қуанышбаев есімі «Тарихи тұлғалар» тізіміне енгізілгені туралы ақжолтай хабар келді. Әйтсе де осындай атпал азаматымызға ауыл атын беру қайта-қайта кейінге шегеріле беретіні жанға батады. Қазақстанда төрт екі мәрте Социалистік Еңбек Ері болса, соның бірі осы кісі. Қалған үшеуінің атында ауыл бар, ал біздің Жаз-ата осы ретте шетте қалып қойды. Бұл мәселе Үкімет басында қаралса деген халық өтініші бар. Ел үшін аянбай еңбек еткен азаматтың 130 жылдық мерейтойына ауыл атауы берілсе, тұрғындар үшін керемет сый болар еді. Билік басындағы көкірегі ояу азаматтар ескереді деп ойлаймын. Қазақтың қасиетті қара шалының әруағы риза болсын!

Орынбасар АХМЕТ,
Ж.Қуанышбаев атындағы
қоғамдық қордың президенті.

ЖЫР-ШУМАҚ

ЖАЗ-АТА

Маң дала маңғаз, жотасы құм,
Таудың да таныс етегі.
Қоймен бірге атады таң, батады күн,
Мойынқұм- дала мекенің.

Сағынды «Сұңқар», сағынды дала,
Жаз- ата сені кең жазық.
Таулар да үнсіз мүлгіген анау,
Күн сүйген тасын, жел қағып

Жайлауы Хантау, баурайы жасыл,
Сүйсінткен көркі әр кімді.
Төсінде жұлдыз, беделің асып,
Қуантқан едің халқыңды.

Жайылып атың, асқақтап даңқың,
Биіктеп еді жұлдызың.
Еңбектің Ері атады халқың,
Жолыңды қуып ұл-қызың.

Таныды шетел, естіп әлем атыңды,
Жеңімпаз деген Мәскеуде.
Мақтадық та ерлігіңді татымды,
Үлгі еттік алыс басқа елге.

Бақыттан мынау шаттыққа тұнған,
Тартады айтшы, бойын кім?
Жаз-ата, мерей тойыңды думан,
Тойлауда бүкіл Мойынқұм.

Жадында елдің жүреді мәңгі,
Жаз ата, сенң тау тұлғаң.
Өзің жәйлі жазылған әнді,
Шырқаймыз бірге бар туған.

Жоқ шығар, сірә, өзіңдей адам,
Көтерген шыңға еңбегі.
Айналып жүрген секілді маған,
Есімің шексіз жер-көкті

...Бұлдырап тауым, тұнжырап далам,
Жаз ата, сенсіз тұр азып.
Өңірге жадау, көңілім алаң,
Қараймын мен де құлазып...

Тампылбай МОЛДАҚҰЛ,
ақын, газетіміздің ардагері.

АУДАННЫҢ – СЕН АСҚАҚ ТУЫСЫҢ,

АҒАЛАР ЕСТЕЛІК АЙТАДЫ

Өмір – тіршілік бір орнында тұрмайды. Жылжып жылдар, сырғып айлар өтеді. Жаңа ескіреді, жас есейеді. Зымыраған уақыт жалынан ұстатпайды. Сол зулаған қалпымен алға жетелей береді. Күндердің қоңырауын ағып кете береді, кете береді, өзі құп көрген биігіне жете береді...

ЖЫЛЖЫП ЖЫЛДАР, СЫРҒЫП АЙЛАР...

Қарап отырсам өзім туып-өскен Мойынқұм ауданына 60 жыл толыпты, былтыр әрине. Онымен бірге тыныстап келе жатқан «Мойынқұм таңы» газеті де осындай белесті бағындырып отыр. Сонымен қатар, бүкіл қазақ мақтан етер қара шал – аты әйгілі малшы, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жаз ата- Жазылбек Қуанышбаевтың да дүние есігін ашқанына да 130 жыл. Ендеше, осындай оңды оқиғаларды қалайша айқайлай айтып, айрықша атап өтпейміз?!

Жаз дидарлы Жазекең жайында мен талай рет жаздым. Ол кісінің қателеспесем, 110 жылдығы тұсында ғой деймін, облыстық «Aq jol» газетіне көлемді мақала шығарғанмын. Оны кейіннен белсенді құрдасым Мақсат Сейдалиев өз кітаптарына қосты. Сондай-ақ, республикалық «Егемен Қазақстан» газетіне «Бір суреттің сыры» деген айдармен Жаз-атаның бейнесінің 4-5 рет жариялануына себепкер болдым.

Енді өзіміздің аудандық газетке келейін. Мен мұнда азды-көпті, жаманды-жақсылы 30 жылдай жұмыс істеппін. Соның 21 жылында бас редактор болыппын, бұл аз ба, көп пе, әркім өзі сараптай жатар. Негізінде ол жөнінде талай рет айтқанмын, сондықтан көп мыжымайын...

Осы орайда мен сол кездегі кейбір аудан басшылары туралы сөз еткім келеді. Онда да ол кісілердің газетке деген көзқарасы, көмек-қолдауы жайында. Ауданның тұңғыш бірінші хатшысы Айтбай Назарбековтен кейін ауданды басқарған Қапан Рахымбердиевтің де баспасөзге көзқарасы өте жақсы болатын. Мені бас редактор етіп бекіткен де сол кісі ғой. Бірінші хатшы кезінде Мұрат Сейдалиев ағамыз да редакцияға қызметтік автокөлік алып берді, жұмыстың алға басуына ықпал етті.

Онан кейін ауданымыздың тұңғыш әкімі болған Бағлан Қарашолақовтың ерлігіне өз ойымша тең келер жетпейді! Неге олай ? Айтайын. Егемендіктің елең алаңында аудандық газеттердің басына қара бұлт үйірілді. Бізді «Облполиграфия» лақтырып тастады. Ал, ауданда газетке арналған қаржы жоқ. Тіпті, сол шақта Солтүстік жақта аудандық газеттердің кейбірі жабылып қалды. Сонда аудан басшысы Бәкең біздің газеттің шығуын тоқтатпады. Әйтеуір, қаржы тауып беріп отырды. Мақтанғым келмейді, бірақ сіңірген еңбегін атап айтуым керек. Сол кезде облыстағы аудандық газеттер аптасына бір рет шыққанда, біз аптасына екі рет жарық көріп тұрдық! Әрине, Бәкеңнің арқасы. Сонымен қатар сол кездегі аудан әкімі Бағлан Қарашолақов осындай қиын кездің өзінде де газеттің 30 жылдығын тамаша қылып өткізді. Әрине, іскерлігімен, ілкімділігімен, жөн-жоба білетіндігімен, байыпты басшылығымен.

Газеттің, жалпы бұқаралық ақпарат құралдарының мән-маңызын терең түсінетін басшылардың бірі ретінде мен Оңдасын Жиенқұловты да атап айтар едім. Ол кісі редакцияға аудан бюджетінің есебінен су жаңа автокөлік әперді, газетті жаңа технологиялық тәсілмен шығаруға қаржы бөлгізді. Сөйтіп біз 2003 жылдан бастап компьютерлік жүйеге көштік қой. Газетімізге сол сияқты аудан әкімі болған Төлеухан Оспанбеков те жақсы назар аударды. Әрі қарай тағы соза берсем, жөні бола қоймас.

Бүгінгі күнге келейікші. Менен кейін белгілі жорналшы Сүндетулла Әбілов, жалындап тұрған жастар Уәлихан Жайлау, Елдос Ерғабылұлы бас редактор болды. Қазір кім отыр деңіз? Ол – ол белгілі айтыс ақыны, Мәдениет саласының үздігі, ұзақ жылдар облыстық деңгейде бірнеше басылымда абыройлы еңбек еткен тәжірибелі маман, рухани інім Есет Досалы.

Айналайын, Есет, қат-қабат келіп жатқан үлкен мерекелер құтты болсын! Істерің ілгерілей берсін. Ауданымыздың 60 жылдығы мен Жаз- атамыздың 130 жылдығы мерейтойлары бәрімізге қуаныш сыйлап, бәрімізді де алғы күндерге – жақсы күндерге жетелей берсін.

Жасай бер атақты, абыройлы, алып аудан – Мойынқұм!

Берікбай ҚАДЫҚОВ,
Қазақстанның Құрметті журналисі,
Алматы облысы, Қарасай ауданының Құрметті азаматы, аудандық «Мойынқұм таңы» газетінің 1988 -2009 жылдардағы бас редакторы.

«МОЙЫНҚҰМ ТАҢЫНА» – 60 ЖЫЛ

ШӨЛ ЖӘНЕ ШӨЛЕЙТТІ АЙМАҚТЫ ИГЕРУ МАҚСАТЫНДА 1965 ЖЫЛЫ ҚАҢТАРДА НЕГІЗІНЕН МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫМЕН АЙНАЛЫСАТЫН МОЙЫНҚҰМ АУДАНЫ ҚҰРЫЛДЫ. ЖАҢА АУДАНДЫҚ ПАРТИЯ КОМИТЕТІ МЕН АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ОРГАНЫ РЕТІНДЕ ОСЫ ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІ КҮНІ «КОММУНИЗМ ТАҢЫ» ГАЗЕТІНІҢ АЛҒАШҚЫ САНЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ.

МЕН ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫН БІТІРГЕННЕН КЕЙІНГІ АЛҒАШҚЫ ЕҢБЕК ЖОЛЫМДЫ ОСЫ ГАЗЕТТЕН БАСТАДЫМ. СОЛ 1984 ЖЫЛЫ СЕРІК ӘЛІМБЕТОВ МЕНІ ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАП, АҒАЛЫҚ ҚАМҚОРЛЫҒЫН ЖАСАДЫ. ОЛ КЕЗДЕ ГАЗЕТ ҚОЛ ТЕРІММЕН ШЫҒЫП, ӨЗ БАСПАХАНАСЫНДА БАСЫЛАТЫН. ҚИЫНШЫЛЫҚТАРЫ КӨП ЕДІ. КАДР ЖЕТІСЕ БЕРМЕЙТІН. ДЕГЕНМЕН РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ТАТЫБАЙ ҚОЖАМҰРАТОВ, ЖАУАПТЫ ХАТШЫ БЕРІКБАЙ ҚАДЫҚОВ, БӨЛІМ БАСШЫЛАРЫ РАХАН МӨМЕЙ, БОРАНҚҰЛ ҚҰРМАНБАЕВТАРДАН КӨП НӘРСЕ ҮЙРЕНІП, РЕДАКЦИЯНЫҢ ҚАРА ҚАЗАНЫНДА АЛТЫ ЖЫЛДАН АСТАМ «ҚАЙНАДЫҚ».

Осы жылдары газетке келген Қуаныш Иембердиев кейіннен облыстық «Ақ жол» газетінің бас редакторына дейін өссе, Айжан Сыздықова, Меруерт Әбуева, Еділ Әлиев, Әрсен Саттаров, Қарсыбек Көпжасаровтар облыстық, республикалық басылымдарда абыройлы еңбек етті.

Газеттің атауы 1999 жылдан бастап «Мойынқұм таңы» деп өзгертіліп, ел Тәуелсіздігін алған жылдардағы қиыншылықтарға қарамастан аптасына екі реттен тоқтаусыз шығып келеді.

Осы жерде 2011 жылы баспаханаға баспа машинасын, редакцияға жеңіл автокөлік әперіп, редакция үйін күрделі жөндеуден өткізіп беруге сол кездегі аудан әкімі Болат Рысмендиевтің қамқорлығын ерекше атап өткен жөн.

Өткен алпыс жыл ішінде газетті Төлен Аймағанбетов, Бөбек Қаратереев, Серік Әлімбетов, Берікбай Қадықов тәрізді іскер де ілкімді, басқа да салаларда басшылық қызметтер атқарған азаматтар басқарса, 2009 жылдан 2021 жылға дейін газет тізгіні менің қолымда болды.

2021 жылдың қараша айына дейін редакторлық қызметті атқарып, зейнетке шықтым. Отбасы жағдайыма байланысты Байзақ ауданына көшіп келіп, осындағы аудандық «Ауыл жаңалығы» газеті бас редакторының орынбасары қызметін атқардым.

Мен Мойынқұмнан көшкеннен соң газетке өзім тәрбиелеген Уәлихан Жайлау бас редактор, ал өз шәкіртім Алуа Үмбетқұлова бас редактордың орынбасары қызметіне кірісті. Мен өзім 38 жыл тұрған ауданның, оның ішінде 20 жылға жуық еңбек еткен аудандық газеттен әлі күнге қол үзгенім жоқ. Ара-кідік мақала, естеліктер жазып тұрамын. Осында келгелі бері аудандық газетті жаздырып алып, оқып келемін. Бүгінгі бас редактор Есет Досалы басқаратын ұжымның бүгінгі жұмыстары көңілге қонады. Газеттің мазмұны, мақалалардың тартымдылығы мен басылымның безендірілуі көп аудан газеттерінен алда екенін айта аламын. Аудандағы жаңалықтарды, атқарылып жатқан игілікті істерді газеттен оқып, қуанып қаламын.

Басылымның мерейтойы құтты болсын! Әріптестерімнің қолдарынан қаламдары түспей, жазатын жақсылықтары көп болсын. Газет бетінен тек жақсы дүниелерді оқи берейік.

Сүндетулла ӘБІЛОВ,
еңбек ардагері.

ГАЗЕТІМІЗДІ БАСҚАРҒАН АЗАМАТТАР



ТӨЛЕН АЙМАҒАНБЕТОВ (1965-1968 жыл)



БӨБЕК ҚАРАТЕРЕЕВ (1968-1970 жыл)



СЕРІК ӘЛІМБЕТОВ (1970-1988 жыл)



БЕРІКБАЙ ҚАДЫҚОВ 1988-2009 жыл



СҮНДЕТУЛЛА ӘБІЛОВ 2009-2021



УӘЛИХАН ЖАЙЛАУ 2021-2022



ЕЛДОС ЕРҒАБЫЛҰЛЫ 2022-2026

ӘСЕРЛІ ЖАЗБА

«МОЙЫНҚҰМ ТАҢЫ» ӨМІРІМДЕ ӨШПЕС ІЗДЕР, ЖАРҚЫН ЕСТЕЛІКТЕР ҚАЛДЫРДЫ



Тағдыр мені «Мойынқұм таңы» газетімен кездейсоқ табыстырды. Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университеті журналистика факультетінің төртінші курсын бітіргеннен кейінгі өндірістік тәжірибемді облыстық «Еңбек туы» (қазіргі «Ақ жол») газетінде өттім. Жазғандарым ұнаған болуы керек, өндірістік тәжірибем аяқталып, Алматыға қайтарда газеттің сол кездегі бас редакторы Арғынбай Бекбосынов ағамыз шақырып алып, «Оқуыңды бітіргеннен кейін біздің газетте жұмыс істеуге қарсы болмасаң, шақырту жіберемін»,- деді. Ол кезде жоғары оқу орындары өздерінің түлектерін еліміздің әр түпкіріне бөліп, арнайы жолдамамен жіберетін. Жіберген жағына баруға міндеттісің. Мұндай міндеттеуден «Сіздердің оқу орнын бітіріп жатқан пәленше Түгеншеевті біздің мекемеге жұмысқа жіберулеріңізді сұраймыз» деген шақыртуы барлар ғана құтылатын. Арекең соны айтып отыр. Қарсылығым жоқ екенін айтып, ризашылығымды білдіріп, аттанып кеттім.

Бесінші курста бізге белгілі қаламгер, республикалық «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінің бас редакторы Уәлихан Қалижанов ағамыз дәріс оқыды. Біраз уақыттан кейін курсымыздағы ішінде мен де бар, үш-төрт жігітті редакцияға шақыртып, түрлі тапсырмалар беріп, мақалалар жаздыртатын болды. Бір жолы жұмысшы жастар жатақханасына барып, пікірталас ұйымдастырып, «Лениншіл жасқа» бір бет мақала дайындағанымыз есімде. Сөйтсек, Уәлихан ағайымыз осылардан бірдеме шығады, кейін жұмысқа аламын деп көземелдеп жүреді екен ғой бізді. Оқу жылы аяқтала «біздің газетке жұмысқа келіңдер» деген ұсынысын айтты. Бұл жұрфакты бітіріп жатқан студенттердің екінің бірінің басына бұйыра бермейтін бақ еді. «Барамыз» дедік жамырап.

Кім біледі, сол жолы «Лениншіл жасқа» жұмысқа қабылданып кеткенде өмір жолым мүлдем басқаша болар ма еді. Бірақ, тағдыр басқа соқпақты бұйыртып тұр екен. Мен бесінші курсты бастаған тұста ауылдағы қарашаңырақта қарт әке-шешемді бағып отырған, үйленбеген інімді әскерге алып кеткен. Оқуым аяқталуға жақындаған сайын дімкәс әке-шешем «елге қайт» дегенді жиі айта бастады. Жағдайларын көріп отырып, оларды қараусыз қалдыруға дәтім бармады. Уәлихан ағайға жағдайды айтып, қиналып тұрып жұмыстан бас тарттым. Қырсыққанда басқа жігіттер де мінәйі себептермен Алматыда қалмайтын болыпты. Ағай кәдімгідей ренжіді. Амал қанша...

Арекеңнің алдын ала жіберіп қойған шақыртуы бойынша,«Еңбек туына» келсем, «Сен «Лениншіл жаста» қалатын болды дегеннен кейін, орныңа Жақсылықты алып қойып едім», дейді. Сөйтсе, жағдай былай болыпты. Бізден бір жыл бұрын бітіріп, «Лениншіл жаста» жұмыс істеп жүрген өзіміздің жамбылдық Жақсылық Молдақұлов деген жігіт бір себептермен елге қайтқысы келіп жүреді екен. Мені Арекеңнің жұмысқа шақырғанын білетін ол «Лениншіл жаста» жұмыста қалатынымды естіген бойда Жамбылға (ол кезде Тараз осылай аталатын) келіп, Арекеңе кіріп, «Қуаныш «Лениншіл жаста» қалатын болды, мені жұмысқа алыңыз», дейді ғой. Арекең «Республикалық басылымда қалатын болса жақсы болған екен», дейді де Жақсылықты жұмысқа қабылдайды. Енді оған қалай ренжісің? «Лениншіл жаста» қалуға келісіненім рас. Кейін бас тартқан да өзім...

Жағдайды білген соң, Арекең «Қарт әке-шешеңді қараусыз қалдырмағаның азаматтық. Былай істейік. Аудандық газетке барып, інің оралғанша жұмыс істе. Бір жылдан кейін шақыртып аламын», – деді. Өкінішке қарай, өзімнің туған ауданымдағы «Шу өңірі» газетінде штат толық екен. Ең жақын Мойынқұм ауданындағы «Коммунизм таңы» (қазіргі «Мойынқұм таңы») газетінің редакциясы кадр тапшылығын сезініп отыр екен, «қабылдаймыз» деді.

Осылайша 1987 жылдың тамыз айында берекелі Мойынқұм өңіріне қадам бастым, сол кездегі аудан орталығы Фурмановка ауылының топырағына табаным тиді. Газет басшылығы да, ұжымы да жылы қабылдады. Шынымды айтсам, емен-еркін танысып-білісіп жатуға жағдай болған жоқ. Мақаланы тоқтаусыз «жұтатындықтан» журналистер өз арамызда «комбайн» деп атайтын аудандық газеттің қым-қуыт жұмысының иірімі бірден өзіне тартып әкетті. Журфакқа түспес бұрын «Шу өңірінде» бір жылдай жұмыс істеп шыңдалғаным бар, редакциядағы әріптес аға-әкпелерімнің қолдауы бар бұл ырғаққа ілесіп кету қиын болған жоқ. Редакция тапсырмасымен түпкірдегі Ұланбелде де, балықшылар өңірі Мыңаралда да, малшылар мен диқандардың ортасында да, өндіріс ошақтарында да болдым. Түрлі жанрдағы мақалалар жаздым. Мойынқұмның қонақжай, еңбеккер жұртымен жақын таныстым.

Бұл орайда редакция басшылығының, ұжымының қолдауы мен қамқорлығын әрдайым сезінгенімді қалай айтпайын! Редакторымыз Серік Әлімбетов денесі қандай мол болса, жүрегі де сондай кең адам еді. Қандайда бір қиындыққа кезіге қалсаң, көмек қолын созуға дайын тұратын.

Бірде ауырып қалдым. Жөтеле беремін. Аудандық емханаға барып едім, дәрі-дәрмек берді. Бірақ жазылмадым. «Түберкулез болуы керек», деген диагноз қойды. Еңсем түсіп кетті. Осылайша салым суға кетіп жүргенде Секең кабинетіне шақыртты.

- Жағдайыңды естідім. Мойыма. Шалғай аудан ретінде бізге жыл сайын Алматыдан дәрігерлер тобы келіп, халыққа медициналық көмек көрсетіп тұрады. Бәрі мықты, профессорлар. Биыл осындай топ Ұланбелге келіп жатыр екен. Көлік тауып беремін, сонда барып көрін,- деді. Қуанып кеттім.

Сол күні-ақ көлікке отырғызып, аттандырып жіберді. Ұланбелге кештетіп жеттік. Басшыларына айтып, тапсырып қойған екен. Күтіп алып, қондырып, ертеңіне азаннан дәрігерлердің қабылдауына алып барды. Жүзінен зиялылықтың лебі есіп тұрған егде жастағы дәрігер әйел жағдайымды сұрап білген соң, шешіндіріп, арқамның әр жерінен саусақтарымен ұрып көрді де «түберкулез емес», деді. Қуанып кеттім. Ем-домын жазып беріп, «облыс орталығына барып емделіңіз», деген кеңес айтты. Секең де сөзге келген жоқ, жұмыстан босатты. Сөйтіп, Жамбылда ауруханада оншақты күн жатып емделіп, құлан-таза айығып шықтым.

Мойынқұмдағы жадымда жатталып қалған шуақты оқиғалардың бірі «Тұлпарсаздағы» шопандар слеті еді. Сол слетте Қазақстан Жазушылар одағы облыстық бөлімшесінің сол кездегі төрағасы Кәрім Баялиев ағамыз бастап келген жамбылдық ақын-жазушылардың құрамындағы курстас досым, ақиық күрескер ақын Бауыржан Усеновпен сағыныса қауышып, емен-жарқын әңгіме-дүкен құрған едік. Сол жолы ғой бәріміз «Үсенин» деп атап кеткен Баукеңнің партияның да, «үш әріптің» де қаһарынан қаймықпай, өзінің жазықсыз жазаланған қазақтың үш арысы Сәкен, Ілияс, Бейімбетке арналған атақты «Қара машина» өлеңін үлкен сахнада, дүйім жұрттың алдында оқығаны. Мойынқұмдық әріптес досым Жолдыбай Дәметов екеуміз Баукеңді ортаға алып мына суретке сол жолы түскен болатынбыз.

Айтпақшы өмірлік жарым Ғалияны да осы Мойынқұм жерінен тауып, «күйеу бала» атанып қайттым. Жезқазған өңірінде газетте оншақты жыл жұмыс істеп, Дәметкен жеңешемізге үйленіп, елге оралған марқұм әріптес ағамыз Мақұлбек Рысдәулет «Үйренген, сіңіскен жеріңнен неге кеттің, қуып жіберді ме?» деп қағытқан құрдастарына «Арқа жұрты қызын берсе де, қызметін бермейді екен», деп әзілмен жауап беретін. Жасыратыны не, Мойынқұм жұрты қызын да, қызметін де беруге бейіл еді. Арекеңнен «Жамбылға қайт, жұмыс күтіп тұр» деген хабар жеткенде «қалсаңшы, қызмет те береміз», деп біраз айналдырды. Бірақ, буынсыз жерге пышақ ұрып жатқандарын түсінді-ау деймін «Болашағың зор жассың ғой, жолыңды байлағанымыз болмас», деп болашақ «Ақ жолға» ақ баталарын беріп, ақ жол тілеп шығарып салды. Менің өмір жолымда осындай өшпес іздер, жарқын естеліктер қалдырған «Мойынқұм таңы» газеті 60 жылдық биігін тойлап жатыр екен. Ортақ мерейтойымыз құтты болсын! Басылымның бүгінгі ұжымына, әріптестеріме «Мойынқұм таңының» әр таңы арайлы, жазған мақалаларың шұрайлы болсын, дегім келеді.

Қуаныш ИЕМБЕРДИЕВ,
облыстық «Әдулиеата» газетінің бас редакторы, Қазақстанның Құрметті журналисті.
Тараз қаласы.

Архив газеты «Мойынқұм таңы» создан в целях использования и регулирования природопользования акимата Карасайского района

«МОЙЫНҚҰМ ТАҢЫ» – ХАЛЫҚТЫҢ ҮНІСІҢ!

ӨТКЕН КҮНДЕ БЕЛГІ БАР

1965 жылдың шілде айынан бастап, аудандық «Коммунизм таңы» газеті жарыққа шыға бастады. Мен 1965 жылдың тамыз айынан аталған редакцияға машинистка басушы болып орналастым. Газеттің алғашқы бас редакторы Төлен Аймағанбетов, оның орынбасары болып Боранқұл Құрманбаев, жауапты хатшысы қызметінде Рахан Мумеев еңбек етті.

ӘЛІ ЕСІМДЕ СОЛ БІР КЕЗ, ҚЫЗЫҚ ЖЫЛДАР!

Редакциядағы бөлімдердің де жұмысы ауқымды еді. Ауылшаруашылығы бөлімінде Көшелі Толысбаев, Бейсехан Молдабаев, әдебиет бөлімінде ақын Мырзаш Тұрғынов, хаттар бөлімінде Асау Момынов деген жігіттер тер төкті. Бұл жігіттер сол уақытта сайдың тасындай іріктелген жастар еді, газет жұмысына белсене араласты.

Ұмытпасам 1968 жылы болуы керек, Төлен Аймағанбетов ағай басқа жұмысқа ауысты да, редакция ұжымына Бөбек Қаратереев деген кісі бас редактор болып келді. Осы жылдары бас редактордың орынбасары болып Қырықбай Махамеджанов, бөлімдерде Зал Жүнісов, Ұзақбай Маралбаев, Амангелді Әскеновтер қызмет етті. Кейін ұжымдағы жігіттер жаңала бастады. Қырықбай Махамеджанов Кордай ауданына қызметке ауысты да, бас редактордың орынбасарлығына Әнуарбек Байбатыров келді. Марқұм аққөңіл, адал, әпенде кісі еді. Бұл кісімен де ұзақ жыл бірге жұмыс атқардық. Тампылбай Молдақұлов, Тілеубек Шәріпов, Болат Әлікұловтар да осы уақыттарда редакцияға жаңа леп әкеліп, белсенді жұмыс істеді.

1970 жылы Бөбек Қаратериев бір кеңшарға партия комитетінің хатшысы болып ауысты да, бас редакторлық орынға Серік Әлімбетов ағай отырды. Ол кезде бас редактордың орынбасары Орынбай Тасыбеков, жауапты хатшы Татыбай Қожамұратов, Амангелді Әскенов, Әкебай Ертаев, фототілші Жеңісбек Нұрбеков еді. Тілші болып Құттымбет Райымбеков келді. Содан кейін газет ұжымына жаңа буындар келе бастады. Атап айтқанда, Жұмахан Сарыбаев, Берікбай Қадықов, Жолдыбай Дәметов, Сүндетулла Әбілов, Қуаныш Иембердиев, Жұрсінгүл Жақыпова секілді жас журналистер газет жұмысына белсене араласты. Сонымен қатар, машинка басушылар Жамал Сармырзаева, Тоқаш Қалдарбекова өз жұмыстарына жауапты болды.

Мен осы жылдары газет жұмысының қандай қиындықпен жарыққа шығатынын көзіммен көрдім. Аптасына үш рет қол термемен теріліп, сонда да халыққа уақытымен таралып отырғанының куәсімін. 1965-1975 жылдар аралығында газет қиын жағдайда шығып отырды. Көбіне қол термені пайдаланамыз, мақала теретін техникалар жиі бұзылатын. Баспаханада қанша жұмысшы болса, басшылар соның бәріне де қабілеттеріне қарай қол термемен мақала тергізетін. Ол кезде баспахана меңгерушісі Зауытбек Сағындықов ағай еді. Ол кісі газет пен баспа жұмысының ыстық-суығына төзіп, біраз жыл қызмет етті. Еске алатын жұмысқа жауапты кісілер көп еді. Әсіресе, терімші болған, марқұм Тұрар Нұрғожаева апайды атап өтпеске болмайды. Ол кісі редакцияда көп жыл еңбек етті. Шәкірттері Мұратәлі Мұқашев, терімші Шолпан Қырбақбаева ауданның баспаханасы жұмысын тоқтатқан жылдарға дейін жұмыс істеді.

Өзім редакцияда 38 жыл қызмет еттім. Әуелі 12 жыл машинка басушы,1977 жылдан 2003 жылдың көктеміне дейін есепші болып қызмет атқардым. Қазіргі таңда Мойынқұм ауылында тұрамын. Алғашқы атауы «Коммунизм таңы», кейінірек «Мойынқұм таңы» болып шыға бастаған газеттің оқырманға жол тартқанына 60 жылдан асып барады. Жоғарыда есімдері аталған, қазір біразы өмірден озған азаматтармен қызметтес болғанымды мақтаныш етемін. Марқұм болған Зал Жүнісов, Көшей Толысбаев, Боранқұл Құрманбаев, Бөбек Қаратереев, Серік Әлімбетов, Жұмахан Сарыбаев, Рахан Мумеев, Әнурабек Байбатыров, Татыбай Қожамұратов, Болат Әлікұлов, Құттымбет Райымбеков, өмірінің соңына дейін қызмет еткен фототілші Жеңісбек Нұрбековтер – нағыз адал азаматтар болатын. Бұл кісілер өмірден өтсе де, газет тарихында көптеген өзіндік қолтаңбалары қалды. Марқұм әріптестердің жатқан жерлері жайлы, ұрпақтары аман болсын деп газет бетінде атап өтуді өзіме парыз санадым.

Ұлдан МҰТАЕВА,
газет ардагері.
Мойынқұм ауылы.



ӨТКЕН КҮНДІ ОЙЛАСАМ

ҚЫЗЫҚТЫ ЖЫЛДАР КӨП БОЛДЫ

Мен 1953 жылы 27 маусымда дүние есігін аштым. Жастық жылдарым осы газетте өтті. Сол кездегі редакция өмірі мен баспахана жұмысы туралы бұрынғы бас редактор Берікбай Қадықов жақсылап мақала жазған шығар. Ол кездерде компьютер жоқ болатын.Редакция тапсырыс беруші, өндірісті жарыққа шығарушы болды,қазіргі тілмен айтқанда мердігер қызметін атқаратын. Жұмысшылардың еңбектері аса қиын еді. Газет бетінің әр мақаласын қолмен теретін. Қыстың суығында мұздай жазу аппараты қолыңды қарып түсетін. Ол кезде баспаға арналған үлкен машинкамен басады. Казір ол уақытпен салыстырғанда бәрі оңалады. Ләйім сондай болсын. Сол кездегі жұмысшыларымыздың еңбегі деген зор. Қазіргі уақытта ол кісілер өмірден озып кетті. Қырбақбаева Шолпан, Мұқашев Мұратәлі баспа ісінің майталмандары еді. Олар 1968 жылдан сол газеттің жұмысшылары болды. Зейнетке шыққанға дейін еңбек етті. Тілеукүл Қоралсбаева, Бақыт Құсайынова, Таңатқүл Өмірзақова, Света Қожамұратова туралы да айтарым көп. Бәрі қолмен, біреусі ленотип деген үлкен машинкамен терген. Редакция мен баспахана бір үйдің баласындай болып, ауыз біршілікті сақтап жүрдік. Мерекелерді бірге өткіздік. Аллаға шүкір сол жердің нанын жеп, суын ішіп аман-есен зейнетке шықтық. Қазірде сол бұрынғы әріптестермен хабарласып тұрамын. Тілеукүл Қоралсбаева Алматы қаласында тұрады, зейнетке шыққан. Света Қожамұратова Шу қаласында тұрады. Аудандық «Шу өңірі» газетінде жұмысын жалғастырып жатыр. Бақыт Кусеинова Мойынқұм ауылында, зейнетте. Таңатқүл Өмірзақова Мойынқұм ауылында тұрады, зейнетте, денсаулығына байланысты үйінен көп шықпайды.

Газет тойы құтты болсын!

Әлия ОМАРОВА,
газет ардагері.
Мойынқұм ауылы.

ӘСЕРЛІ ЖАЗБА

ГАЗЕТ ЖҰМЫСЫНА ЕРТЕ АРАЛАСҚАНМЫН

Мен 1942 жылы 5 сәуірде бұрынғы Көктерек ауданында туылдым. Қазір 85 жасқа қарай аяқ бастым. Сондықтан, кейбір естеліктерді есімнен шығарып алуым мүмкін. Газет жұмысына 1960 жылы Көктерек ауданы кезінен араластым. Мойынқұм ауданы құрылған кездің куәсімін.



Аудандық «Мойынқұм таңы» газетінде 1965 жылы алғашқы нөмір шыққан күннен бастап, 1992 жылға дейін әріп теруші болып еңбек еттім. Газеттің алғашқы бас редакторы Төлен Аймағанбетовтен бастап Берікбай Қадықовқа дейінгі басшылардың, қызметкерлердің барлығымен бірге ұзақ жыл еңбек еттім. Қыздарым Алтынкүл, Роза, Раушан, Ақмарал, Айнұр, ұлдарым Болат, Қайрат, Мақсат өмірден өз орындарын тапты. Барлығын өсіріп, жеткіздік. Жоғары білім алды. Қазір осы ұл-қыздардан 26 немере, 44 шөбере, 1 шөпшек сүйіп отырмын. «Алтын алқа» иегерімін. Редакциядағы ұзақ жылғы еңбегім елеусіз қалған жоқ. 1987 жылы «Еңбек ардагері» медалімен, әр жылдары түрлі Құрмет грамоталармен марапатталғанмын.

Редакциядағы жұмыс ауыр болғанымен, көңілді, қызықты еді. Журналист жігіттер мен қыздардың бәрі сөзге шебер, жауапты, әзілге жақын кісілер болды. Редакция мен баспахана қызметкерлері жақсы сыйласып еңбек етті. «Мойынқұм таңы» газетінің тойы құтты болсын. Газеттің ғұмыры ұзақ болсын.

Жамал САРМЫРЗАЕВА,
газет ардагері.

АҒАЛАРДАН ЕСТЕЛІК

ГАЗЕТ ЖҰМЫСЫН КОРРЕКТОРЛЫҚТАН БАСТАҒАНМЫН

1966 жылы он жыл бойы ауласында бақытты, балғын шағымызды өткізген алтын ұя мектебімізбен де, көкірек көзімізді ашып, санамызға білім нәрін сіңірген аяулы ұстаздарымызбен де қоштастық. Соңғы қоңыраудан кейін, бітіру емтихандарын сәтті тапсырған құрбы-құрдастарым арман қуып, бірі Алматы, бірі Қарағанды, енді бірі Жамбыл қалаларына, тіпті, Ресейдің астанасы Мәскеуге де кетіп жатты. Ол кезде біртұтас Кеңес Одағымыз ғой, шекара жоқ. Қатардан қалайын ба, құжаттарым мен керекті заттарымды қоржынға тығып, «Жамбыл қайдасың» деп, пойызбен қалаға тартып кеттім.



Алғашқы сынақтан сүрінбей өтіп, екінші емтиханды тапсыра алмай, ауылға сүмірейіп қайтқаным әлі есімде.

Енді не істеу керек? Ары-бері ойланып, аудан орталығындағы газет редакциясына баруды жөн көрдім. Ол кезде Мойынқұм ауданы Шу ауданынан енші алып, жеке отау құрғанына бір жыл болған. Аудандық «Коммунизм таңы» газеті де 1965 жылғы шілде айынан жарыққа шыға бастаған-ды. Редакция Новостройка көшесіндегі екі пәтерлі бір үйге орналасқан еді. Мамандар жетіспейтін. Әсіресе, газеттің корректоры жоқ деп естігенмін. Жұмысқа алар ма екен, алмас па екен деген екі ұшты оймен редакция табалдырығын жүрексіне аттадым. Мақдаішасына «Редактор» деп жазылған есікті қағып, ішке енгенімде төрде отырған ақкұбаша келген, көрікті кісі: «Кел, балақай, төрлет»,- деп алдындағы орындықты нұсқады.

Мен орындыққа жайғасқан соң, әлгі кісі: «Ал, інім, шаруаңды айта отыр. Не жұмыспен келдің?», - деді, жылы қабақ танытып. Мен орта мектепті жаңа бітіргенімді, жұмыс ізден жүргенімді баян еттім.

– Келгенің дұрыс інім. Бас редактор қызметтік іссапармен алыстағы мал отарларын аралауға кеткен, әрі Сарыарқадағы шопандар тойына қатыспақ. Шамамен екі аптадан соң оралып қалар. Дегенмен сен қарап жатпай жігіттерге көмектесіп, газеттің қателерін түзейтін корректорлық жұмысты атқара тұрсаң қайтеді, әрі қабілетіңді байқап, бастық келген соң жұмысты түбегейлі шешер едік,- деп ақылын айтты маған жылы сөйлеген кісі. Мен қуанып кетіп, келісімімді бердім. Артынан білдім, менімен сөйлесіп, жанашырлық танытқан редактордың орынбасары Қырықбай Мақаметжанов екен.

Ұзынша кабинеттің төріндегі екі столдың біріне жайғасқан кісінің есімі- Көшей Толысбаев. ҚазМУ-ді жаңа бітіріп келген жас журналист газеттің ауылшаруашылығы бөлімін басқарады екен. Оған қарсы столдың егесі - Асау Момынов деген тілші хаттары бөлімінің меңгерушісі екенін білдім. Екеуінен сәл төмен әдебиет және мәдениет бөлімінің меңгерушісі Мырзаш Тұрғановтың столы, ол кісі еңбек демалысында көрінеді. Оған қарама-қарсы стол әдеби қызметкер-Беисехан Молдабаевтікі еді. Шеткі стол менікі. Келесі кабинетте редактордың орынбасары Қырықбай Мақаметжанов пен газеттің жауапты хатшысы Рахан Мумеев отыратын еді.

Бір аптадан кейін бас редакторымыз-Төленді Аймағанбетов іс-сапардан оралды. Қырықбай ағай екеуміз кабинетіне кіріп, менің мәселемді шешіп алдық. Ол кісі қарсы болмай, корректорлық жұмысқа қабылдандым, бес айдан кейін әдеби қызметкерлікке жоғарыладым. Ол кезде газет шығару аса қиын еді. Өйткені, газет бетіне салынған материалдардың жартысына жуығы қолмен терілетін. Соның салдарынан басуға қол қою түннің бір уағына дейін созылатын. Соған қарамастан газетіміз жаңа құрылған ауданның өзекті мәселелерін дер кезінде жариялап тұрды. Әсіресе, сын мен өзара сынға басымдылық берілетін. Сол кездері газетте жарияланған сын мақала партия комитетінің бюросында қаралып, кінәлілер жазасыз қалмайтын.

Ұмытпасам 1968 жылы Аймағанбетов денсаулығына байланысты жұмыстан босап, орнына Бөбек Қаратериев келді. Қ. Мақаметжанов Қордай ауданына ауысып, орнына Коминтерн мектебінің директоры Әнуар Байбатыров бекітілді. Бейсахан Молдабаевтың орнына, «Құмөзек» кеңшарының малшысы, жазуға бейімі бар Ұзақбай Маралбаев тілші болып келді. Кейін ол жоғарғы партия мектебіне оқуға жіберілді. Мен 1969 жылдың көктемінде білім саласына ауысып, ұзақ жылдар шәкірт тәрбиелеумен шұғылдандым. Кейін Коминтерн ауылдық кеңесінің хатшысы қызметіне ауысып, біраз жылдар өткен соң, газет жұмысына қайтып келдім. Бұл кезде редактор Серік Әлімбетов, орынбасары Орынбай Тасыбеков, жауапты хатшы Жұрсінгүл Жақыпова болатын.

Бекен Қадықовпен де біраз қызметтес болып, 2003 жылы көршілес Шу ауданына ауысып кеттім.

Тампылбай МОЛДАҚҰЛ,
газетіміздің ардагері.

АЛДЫҢҒЫ ТОЛҚЫН АҒАЛАР

МЕН БІЛЕТІН, ЕРТІНБЕЙТІН ЕРТАЕВ

2005 жылы тамыз айыннан бастап олыстық «Ағ-Аі» жастар газетінде тілші болып жұмыс істей бастадым. Бұрын штаттан тыс тілші ретінде жазғаным болмаса, баспасөзде істемеген едім. Ауылдағы үйірме жетекшісі жұмысынан облыстық газетке ауысу маған жеңіл тиді деп айта алмаймын. Бірақ, әр күнім қызыққа толы еді. Өзім жан-тәніммен жақсы көретін журналистика саласына, газет жұмысына келгеніме қуанышты едім.

Міне, сондай күндерде 400 мыңға жуық халқы бар үлкен қаладан өзіме жанашыр адам іздегенім рас. Жаңа ашылған жастар газетінің бас редакторы Болат Бекжанов ағай да ерекше қолдау білдірді. Бұрын облыстық бас басылым «Aq jol» газетіне ұзақ жыл бас редактор болған Баттал Жаңабайұлы, Арғынбай Бекбосын, Әлдихан Қалдыбаев ағалар да ауылдан аңқылдап келген аңғал кезімде көп жанашырлық көрсетті. Мені қолдаған жанашыр адамның бірі – Әкебай Ертаев. Ол кезде Әкебай аға Жамбыл облысы бойынша жылжымайтын мүлік орталығында баспасөз хатшысы әрі мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі бас маман болып еңбек етеді екен. Екеуміз алғаш рет 2006 жылдары таныстық. Сол танысқан күні ол кісі бүкіл өмірбаянын айтып, ішіне сыр қалдырмай ақтарып салды. Аудандық «Мойынқұм таңы» газетінде ұзақ жылдар бойы еңбек еткен екен. Жаны таза, аққөңіл кісі екені көрініп тұр. Онан кейінде жолығып, жылы сөйлесіп жүрдік. Тіпті, бір жолы: «Мен екі жылдан соң зейнетке шығамын, орнына сені ұсынамын» деп те ықылас білдіргені бар. Ол кісінің көңілі дұрыс болса да, ағайдың орыны маған бұйырған жоқ. Ол кезде газет жұмысына төселіп, орнығып қалғандығымнан ауысқым келмеген болар. Бірақ, Әкебай Ертаевтың жанашырлығы естен кетпейді.

Ол кісі Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Аудандық «Мойынқұм таңы» газетінде тілші, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы болып ұзақ жыл қызмет атқарған. Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Тараз қаласында тұрады. Әр жылдары ардагер ағаның жүрдек қаламынан «Ала күшік», «Қыз өссе, елдің көркі», «Шырғаланған», «Асыл аға» әдеби –танымдық кітаптары жарық көрген. «Қайта оралмайтын тамаша жылдарымыз «Мойынқұм таңы» газетінің редакциясында өтті. Бас редактор Серік Әлімбетов, Берікбай Қадықов ағалардың тұсында көңілдері ақ қардай таза, адал еңбекке құштар әріптестермен бірге әр нөмір үшін аянбай тер төгіп, қызмет еттік. Газеттің 60 жылдық тойы құтты болсын. Құлашын кеңге жайып, үлкен белестерден көріне берсін»,- дейді газет ардагері Әкебай Ертаев.

Ақиқат АЛДАБЕРГЕН,
«Мойынқұм таңы».

АЛДЫҢҒЫ ТОЛҚЫН АҒАЛАР

ЖАҚСЫНЫҢ ҰРПАҒЫ

«Мойынқұм таңы» газетінің жарыққа шыққанына 60 жылдан астам уақытта небір атпал азаматтар редактор қызметін атқарды, көптеген азаматтар мен азаматшалар газет шығару жолында жұмыс жасады. Өзім білетін редакторларға тоқталсам, марқұм Әлімбетов Серік 18 жыл редакцияны басқарды. Білікті, білімді журналист Берікбай Қадықов 21 жыл, Сүндетулла Әбілов 12 жылдан астам редакцияны басқарды.

Мен бұрындары редакцияға жазғансызғанымды алып баратынмын. Сондай кездесулерде редакция қыздары Қыжым, Шолпан, Әлия, Арайменен таныстым. Әйтеуір, қыздар сыйлағаны болар, зыр жүгіріп әкеп беріп жүретін. Қыжым мен Арайдың ата-аналарын жақсы танитынмын. Күнделікті тірлікте араласатындықтан болар, Қыжым мен Арайға бүйрегім бұрып тұратын. Басшылар болмай қалғанда қағазымды қалдыратынмын. «Мойынқұм таңы» газетінің 60 жылдық мерейлі мерекесіне орай Әлімбетова Арай Серікқызының тірлігін жазуды жөн көрдім.

Арай Серікқызы ауданымыздың Бірлік ауылында қызметкерлер отбасында 1969 жылдың 9 тамызында дүниеге келді. Әкесі Әлімбетов Серік ауданға танымал болса, анасы Терсебаева Лескүл – аудандық тұрмыстық өтеу кешенінің есеп бөлімінде есепші-кассир қызметін атқарды.

Отбасылы, үш қыздың анасы, отбасының отанасы Арай Серікқызы әке аманатын арқалап, өз соқпағымен тура, түзу жүріп, жалпы еңбек өтілі 39 жыл, 30 жыл бойы газет басылымына өз үлесін қосып келе жатқан қарапайым жан. Әке-ана үмітін ақтап, абырой-атағын сақтап жүрген асыл ұрпақ.

Редакция ұжымын 60 жылдық мерейлі мерекесімен және баспасөз қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен құттықтаймын. Газетіміздің оқырманы көбейіп, қанаты кеңге жайылып, ғұмыры ұзақ, тұғырлы болсын. Қызметкерлерге ұшқыр ой, талмас қанат, таудай талап тілеймін.Еңбектеріңіз жана берсін, өмірлеріңіз жақсылыққа тола берсін.

Жібек МӘЗБАЙҚЫЗЫ,
Мойынқұм ауылы.



ҚАДІРЛІ 40 ЖЫЛҒЫ БЕЛЕСІҢІЗ!
(Газет ардагері, тілші Жолдыбай Дәметовке)

Ісіңізге жұрт көңілі толатындай,
Жөніңіз көп марапат алатындай.
Қырық жылғы тарихты газеттегі,
Сізден- ақ сұрай салса болатындай.

Қоғамның жазып әркез шындығын да,
Ұжымға болып жүрсіз үлгі мұнда.
Жасыңыз жүзден асып кеп тұрыңыз,
«Мойынқұм таңының» 100 жылдығында!



ӨЗ ЖҰМЫСЫНА ШЕБЕР БОЛҒАН
(Бұрынғы жауапты хатшы Жұрсінгүл Жақыпқа)

Басына қонған рас бақ құсы деп,
Мақала жазса дерегінің нақтысы көп.
Жұрсінгүл әпкем жайлы ел айтады,
Газеттің жақсы жауапты хатшысы деп.

Газет үшін әрқашан пайдалы жан,
Мақаласы оқырманды ойландырған.
Жұрсінгүл әпкем шыққан қалам ұстап,
Жаз-ата еңбек еткен Айдарлыдан!

Достық әзілді әзірлеген: ДОС ӘЛІ.

ЖҮРЕК СӨЗІ

Бала кезімнен әкем жайлы естеліктер мені ерекше толқытатын. Өмірден ерте озған әкемнің қандай армандары болды екен деп жиі ойлайтынмын. Анамнан да осы туралы қайта-қайта сұрай беретінмін. Бірде анам маған жүрегіме мәңгілік із қалдырған әңгімені айтып берген еді.

ӘКЕ АМАНАТЫ – ӨМІРЛІК ЖОЛЫМА АЙНАЛҒАН АРМАН

Әкем жастайынан журналист болуды армандаған екен. Арманына жету үшін білімін шыңдап, талаптанып, емтиханды «беске» тапсырған. Алайда сол заманда журналист болу үшін бірден газетке мақаласы шығуы керек деген талап қойылған. Газетке мақала жариялату оңай болмаған. Соның салдарынан әкем конкурстан өте алмай, арманы орындалмай қалған.

Әкемнің сол орындалмаған арманы мен үшін аманатқа айналды. Мектеп бітіріп, жоғары оқу орнына түсетін сәт келгенде журналистикаға түсу – мен үшін жай ғана мамандық таңдауы емес, әке аманатына адалдық еді.

Жолымда бұл шешіміме күмәнмен қарағандар да болды. Түрлі кеңес айтып, райымнан қайтармақ болғандар да табылды. Бірақ мен ешкімнің сөзіне құлақ аспадым. Өз жолымды өзім таңдадым. Журналистика факультетіне түсіп, арманымның алғашқы баспалдағына аяқ бастым. Оқуымды аяқтап, дипломымды қолыма алған күні жүрегімде ерекше бір мақтаныш сезімі пайда болды: мен әкемнің арманын жалғадым.

Алғашқы еңбек жолымды қалалық «Жамбыл-Тараз» газетінен бастадым. Газет редакциясында жүріп, түрлі тақырыптарда мақалалар жаздым. Сол кезде еркін тақырыпта қалам тербеуге деген қызығушылығым артып, бас редакторымнан айына бір мәрте өз қалауым бойынша шығарма жазуға рұқсат сұрадым. Ұжым мені қолдады, бас редактор қарсы болмады. Осылайша шығармашылық еркіндігім артып, қаламым ұштала түсті. Журналистік тәжірибем нығайды.

Кейін тұрмысқа шығып, Мойынқұмға қоныс аудардым. Көп ұзамай, бір айдан кейін аудандық «Мойынқұм таңы» газетінің редакциясына тілші болып жұмысқа орналастым. Мұндағы ұжым да мені жатсынған жоқ. Бір айдан соң бас редактор Сүндетулла Әбіловке еркін тақырыпта мақала жазсам деген ұсынысымды айттым. Ол кісі менің бастамамды құптап, бағыт-бағдар беруге дайын екенін жеткізді. Бұл маған үлкен демеу болды. Осы редакцияда бір жарым жыл еңбек етіп, өзімнің есімімді аудан жұртшылығына таныта алдым.

Журналистика арқылы елмен сырласып, оқырманмен байланыс орнатып, қоғамға өз үнін жеткізу – үлкен жауапкершілік. Бұл жол мен үшін мамандықтан гөрі, миссияға айналды. Кейіннен партия жұмысына қызығушылық танытып, жаңа салаға ауыстым. Алайда қай салада еңбек етсем де, журналистика менің жан дүниемнің бір бөлшегі болып қала бермек.

Мен бүгін, жүрегімді қолыма ұстап тұрып, шын сеніммен айта аламын: мен әкемнің аманатын орындадым. Арманын аяқсыз қалдырмадым. Бұл менің өмір жолымдағы ең үлкен жетістігім. Биыл өзім еңбек еткен, жүрегіме ыстық болған «Мойынқұм таңы» газетіне 60 жыл толып отыр. Кезінде үлкен ұжым болған бұл газет бүгінде де өз беделін жоғалтпай келеді.

Осы мерейлі мереке қарсаңында газеттің шығармашылық ұжымына шын жүректен алғыс айтамын. Журналистиканың киелі жолында қажырлы еңбек етіп жүрген әріптестеріме шабыт пен табыс тілеймін. Оқырман қауымы көбейіп, «Мойынқұм таңы» әр таңды жарқыратып, жаңалығын сүйіншілеуден шаршамасын!

Әсел ҚУАНЫШ,
«Мойынқұм таңы».

ӘРІПТЕС ТОЛҒАНЫСЫ

ШУАҚТЫ ЖЫЛДАРЫМНЫҢ КУӘГЕРІ – «МОЙЫНҚҰМ ТАҢЫ»

Биылғы жыл Мойынқұм өңірі үшін тарихи белестер тоғысқан берекелі де мерейлі кезең болып тұр. Айбынды ақын-жыраулар мен еңбек майталмандарының мекені – Мойынқұм ауданының құрылғанына - 60 жыл толуымен бірге, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, даңқты шопан Жазылбек Қуанышбаевтың 130 жылдығы қатар тойлануда. Аудандық «Мойынқұм таңы» газетінің де 60 жылдығы аталып жатқаны қуантады. Сол дәуірдегі бас редакторлар Бөбек Қаратереев, Серік Әлімбетов, Берікбай Қадықов, Сүндетулла Әбілов, білімді, бірегей журналист Татыбай Қожамұратов, Зал Жүнісов, Рахан Мөмей, Қали Тәттібеков, Тампылбай Молдақұлов тағы басқа да ағаларымыз еңбек еткен төл газетіміз әрқашан құнды.



Еңбек жолымды студенттік күндерімде облыстық «Арыстан» газетінде тілші болып бастадым. Ол кезде бұл басылымға майталман журналист Қуаныш Иембердиев, Көкен Оршабеков сынды айтулы азаматтар бас редакторлық етті. Ал 2014 жылдың қыркүйек айында аудандық «Мойынқұм таңы» газетіне уақытша бос орынға компьютер операторы болып жұмысқа орналасып, аудандық, облыстық газет беттеріне мақала, сұхбаттарым жарық көріп жүрді. Көп ұзамай, 2015 жылдың сәуірінен бастап тілші қызметіне ауыстым. Сол кезден бастап аталған басылым Тараз қаласындағы заманауи баспаханадан, газетіміздің бас директоры Олжас Иенбергеннің басшылығымен сапалы түрде, жаңа форматта шығарыла бастады. Жеткен жетістіктерімнің бастауында ауданның Құрметті азаматы Сүндетулла Әбіловтің ағалық ақылы мен журналистік шеберлік мектебі тұр. Ағамыз Т.Рысқұлов атындағы орта мектебінде оқып жүргенімде (қазіргі тірек ресурстық) директорым болса, ал аудандық газетті басқарған жылдары ұстазымнан өмірлік және кәсіби тәжірибе жинадым. Сүндетулла ағайдың «Өзі жақсы кісіге әрқашан бір кісілік орын табылады» деген сөзі санама мәңгі ұялап қалды. 2022 жылдың ақпанынан 2025 жылдың қазан айына дейін газет бас редакторының орынбасары лауазымын абыроймен атқардым. Кей жылдары бас редактордың міндетін де қоса атқару жауапкершілігі бұйырды.

Мойынқұм ауылының тумасы болсам да, осы басылымның арқасында туған өлкемнің, оған қарасты ауылдық округтердің тарихын тереңнен танып-білдім. Қаншама ғибратты жандармен танысып, сұхбаттастым. 2024 жылы Қазақстан Журналистер одағының мүшелігіне өткен сәтім – қуаныш. Қазіргі таңда ҚР Оқу-Ағарту министрлігі, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Жамбыл облысы бойынша Кәсіби даму институтының «Ақпараттық технологиялар және медиа қызметінің жетекшісі», баспасөз хатшысы қызметін атқарып келемін.

Газеттің сапалы, мазмұнды болып шығуына кейінгі жылдары басшылық жасаған Уәлихан Жайлау, Елдос Ерғабылұлы, көргені көп қаламгер ағамыз Жолдыбай Дәметов, газеттің көркемдік сипатын келтірген дизайнер, бөлім басшысы Гүлмира Наурызбаева мен Гүлнұр Жылқыбаеваның еңбегі зор. Газет бетінен қате жібермейтін кәсіби корректор Арай Әлімбетова, компьютер операторы, білікті маман Назгүл Әлиева және фототілші Асылхан Әлтай, тілшілер Әсел Қуаныш, Айдос Қосыбай да өз ісінің білгірлері болып, басылым жетістігіне қомақты үлес қосты.

Осы орайда мінезі біртоға, жұмысына аса тиянақты, аудан әкімінің баспасөз хатшысы әрі газет тілшісі болған, өмірден ерте озған әріптесім Қуаныш Қайырғалиұлының ауданның дамуына қосқан үлесін ұмытпаймыз. Бүгінде газет тізгінін айтыскер ақын, көптеген шәкірт тәрбиелеп жүрген, облыстық «Арай», «Ақ жол» газеттерінде шыңдалған, Мәдениет саласының үздігі Есет Досалы ағамыз ұстап, іске кірісті.

Әр кезеңінде қоғамның өзекті мәселелерін үздіксіз көтерген штаттан тыс тілшілер: Тұрсынтай Қалдарбеков, Амангелді Базарбаев, Қияқбай Төртбаев, Қалибек Шайжанов, Гүлбаршын Бопышбаева, Жамбыл Қалыбаев, Мұханбетқұл Сабыров, Жібек Мәзбаева, Гүлсім Нарбаева, марқұмдар Қабылан Көрпебаев, Садық Құнанбаев, Нұруман Ахметова басылымға өз үлестерін қосты. 60 жылдық белесті бағындырған «Мойынқұм таңы» – кешегі мен бүгінді жалғаған алтын көпір. Осы ұжымда жастық жігермен жұмыс істеген күндер көз алдымда. Газет кешікпеуі керек. Бір сөйлемнің өзінде жауапкершілік жатыр. Соны жүрекпен сезіндік. Редакция бізге тек қызмет орны ғана емес – өмір мектебі еді. Адамдарды тануды, сөз қадірін білуді, уақытпен санасуды үйрендік. Әлі есімде: кезекті нөмір жабылар сәттегі қарбалас, теріліп жатқан мақалалар, редактордың ескертпелері, әріптестердің күлкісі... Бәрі де ыстық. Ұжымға татулық, амандық, шығармашылық табыс тілеймін. Газет ұмырлы, оқырманы көп болсын!

Алуа УМБЕТҚҰЛОВА,
газетіміздің 2022-2025 жылдардағы
бас редактордың орынбасары.

ҚУАНЫШТЫ СӘТ

21 ЖЫЛ БЕЛЕСТІҢ ӘР СӘТІ ҚҰНДЫ

Осы редакцияда жұмыс істегеніме 21 жыл болыпты. Ол Берікбай Қадықов ағайдың бас редактор кезі болатын. Ол кісі аққөңіл, сабырлы, талапшыл кісі еді. Редакцияға келген жастарды қолдап, демеу беріп жүрді. Газетте қолына қалам ұстаған, кілең сөздің бағасын білетін кісілер еңбек ететіндіктен, бұл орта әрқашан да көңілді. Жұмысы да жеңіл емес, дегенмен ұжымның қызықты сәттері де аз емес.

Осында келіп газет шығару жұмысын, ұжымдағы әр қызметкерлермен тіл табысуды үйрендім. Маған бағыт-бағдар берген Әлия, Қыжым, Тұрсынқұл, Таңаткүл, Света, Шолпан, Айнұр әпкелеріме алғысым шексіз. Берікбай ағадан кейін Сүндетулла Әбілов ағай газетті басқарды. Ол кісінің бойынан да талай жақсы құндылықтарды байқап, өзімізге үлгі ала білдік. Уәлихан Жайлау, Елдос Ерғабылұлымен де бірлесіп жақсы жұмыс атқардық. Марқұм Қуаныш Көбенғараевтың жұмысқа деген ынтасы, алғырлығы есімізден кетпейді.

Қазіргі ұжым – шағын. Шағын болғанмен, әр қызметкердің өз міндеті бар. Сол міндетті ойдағыдай атқарып келеміз. Ұзақ жыл еңбек етіп келе жатқан Жолдыбай Дәметов ағайға, Арай Әлімбетова әкпеме құрметім жоғары. Арай Серікқызымен біраз жыл бірге еңбек етіп, туған әкпемдей болып кетті. Редакцияда ұзақ жыл істеген Алуа Үмбетқұловамен, тілші Әсел Қуанышпен де талай қызықты жылдарымыз бірге өтті. Бас редактор қызметіне баспасөз ісінде тәжірибесі мол Есет Жаңабайұлы келгелі газетіміз түрленіп, маңызды материал, жақсы, ойлы мақалалармен көбейе түсті. Редакция ұжымын және оқырмандарды газеттің мерейтойымен құттықтаймын. Газетіміздің алар асуы көп бола берсін деп тілеймін!

Назгүл ӘЛИЕВА,
программист- оператор.

КҮЛЕ ОТЫРАЙЫҚ

ӘРІПТЕСТЕР ӘЗІЛІ

«ӘЙЕЛДЕР СИЫР САУҒАНДА ҚАЙТАМЫЗ»

Берікбай Қадықов ағамыз редакцияда 30 жыл еңбек еткен. Серік Әлімбетов – бас редактор, бұл кісі – жауапты хатшы екен. Жұмысқа жаңадан қабылдаған бір жас қызметкер Серік ағадан: «Жұмыс уақытты қаншаға дейін» деп сұрапты. Сонда Серік ағай: «Бұл жердің жұмыс уақыты басқаша. Газет шыққан күні ауылдың әйелдері азанмен сиыр сауып жатқанда қайтасың» деген екен.

«МАҒАН ДА ҚҰЙЫП ЖІБЕРІҢДЕР»

Жетпісінші жылдар болса керек. Бір Жаңа жылдың қарсаңы. Жауапты маман Әкебай Ертаев тілші хаттар бөлімінің меңгерушісі Рахан Мүмеевтің кабинетіне кіріп қалады. Рекең жазып отырған мақаласын тоқтата сала: «Кел, Әкебай, Жаңа жылды бастай береміз бе?» дейді де, үстелінің тартпасынан шампанды сырып алады. Қақпағын аша берем дегенде, атылып, ақ көбік атқылапты. Олар осылай әбігерге түсіп жатқан әлгі бөлмеге бас редактор Серік Әлімбетов кіріп келеді ғой. «О, о, бұл жігіттер жұрттан бұрын Жаңа жыл мерекесін бастап кетіпті ғой» дегенде, әлгі Рахан мен Әкебай үрпиіп, тұрып қалады. Сонда газет басшысы Серік ағай: «О, бәрі дұрыс, бүгін – мереке. Маған да құйыңдар, қане» депті. Сол кезде Рахан Мүмеев: «Е, бәсе, басекеңнің түсінетіні бар еді» деп қуанып кетіпті.

«ӘРІПТЕРІ ТҮГЕЛ ЕКЕН»

Серік Әлімбетов ағай бас редактор болып тұрған кезде газеттен өрескел қате кетіпті. Оны ең әуелі бас редактордың орынбасары Орынбай Тасыбеков байқап, газет басына кіріп, кезекші редактор мен корректорға сөгіс беруді ұсынады. Кезекті мерекенің алды болса керек. Сөгіс алса екі қызметкер сыйақыдан қағылады. Әрине, ол басшыға да жеңіл соқпайды ғой. Әлімбетов дереу оң шешім қабылдапты.

–Болар іс болды. Адамның есімі тасымалданбайды. Бұл жерде тасымалданып тұр және оқырманға қолайсыз оқылады. Дегенмен, кісі есімінің әріптері түгел екен, - дегенде редакция қызметкерлері бір күліп алған екен. Осылайша, бас редактордың кеңдігімен екі қызметкер жазадан құтылыпты.

« ӘЙ, БАЛА, ҚАЙҚАЙ ҚАНЕ»

Сүндетулла Әбілов ағамыз редакцияға облыстық партия комитетінің жолдамамен алғаш келген кезде редакцияда бос орын жоқ екен. Бірақ, ол уақытта партияның тапсырмасы орындалуы тиіс. Бұл мәселе туралы бас редактор Серік Әлімбетов ағай біраз ойланып, түрлі шешім қабылдауға тура келіпті. Содан сол кездегі жас журналист Жұрсінгүл Жақыпты шақырып алып, еңбек демалысына шығуға арыз жазғызып, оның орнына Сүндетулла Әбіловті уақытша жұмысқа қабылдайды. Зулап бір ай өте шығып, Жұрсінгүл өз орнына келіп, Сүкең қайтадан жұмыссыз қалады. Онан соң бас редактор тағы бір журналисті қинағандай арыз жазғызып, еңбек демалысына жібереді де орнына Сүндетулланы уақытша отырғызады. Ол журналист қаламы өткір, өзі адуынды Боранқұл Құрманбаев деген кісі екен. Бір айдан соң кабинетке келіп: «Өзім келдім, әй, бала, қайқай, қане» дейді. Содан бас редактор тағы бір тілшіні еңбек демалысына жіберіпті. Сонда әлгі талай жыл өтілі бар тәжірибелі тілші: «Әй, сен бала бізге не құт боларсың, не жұт боларсың» депті. Сөйтіп, үш кісіні ертерек еңбек демалысына жіберіп жатып жұмыс тапқан Сүндетулла Әбіловтің сол Мойынқұмда 40 жыл еңбек етіп, абыройға кенелгенін барша көпшілік біледі.

«АТАҢА БАР ДЕП ЖІБЕРГЕНМІН»

Аудандық билер кеңесінің төрағасы Базарбай Көшеновтің газеттің бас редакторы Есет Досалыда аздаған алашақ теңгесі бар екен. Есекең сол теңгені әлгі билердің төрағасына «каспиймен» лақтырып жіберсе керек. Телефонына сыңғыр етіп белгі келіп, қаржының түскенін байқаған Базарбай: «Редактор інім, жіберген теңген түсті» деп, ұялы телефонмен хабарлама жазыпты. Сол кезде Есет Досалы: «Адаспай барғаны дұрыс болыпты. Атаңа бар деп жол көрсетіп жібердім ғой»,- деп жауап жазып жіберіпті.

Бас би мен бас редактор келесі кездескенде осы жағдайды еске алып, күлкіге көмілген екен.

Әзірлеген «МТ»
тілшілер тобы.



ХАБАРЛАНДЫРУ!

«AkDiEr» ЖШС, 30.06.2026 жылы сағат 11:00-де Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Ұланбел ауылы, Сәкен Сейфуллин көшесі, 4 (әкімдік ғимараты), ««Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинау, уақытша сақтау, қайта өңдеу, кәдеге жарату және жою учаскесі» — Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Ұланбел ауылдық округі» жобасы бойынша ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Әсер ету аймағы: Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Ұланбел ауылынан 41 км қашықтықта. Географические координаты 44°27′37.32″ солтүстік ендік, 71°03′36.36″ шығыс бойлық.

Жобалық құжаттама пакетімен электронды сайтта танысуға болады https://ndbecology.gov.kz/ және ЖАО сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=kk.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай электронды сайтта https://ndbecology.gov.kz/ қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады, сондай-ақ электрондық пошта арқылы s.agabek@zhambyl.gov.kz.

Төтенше жағдай және шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техникалық сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда , қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме:

https://meet.qosyl.kz/meeting?room=983193479699

Идентификатор встречи: 983-193-479-699

Қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша Тауке хан көшесі 3, байланыс тел. 8 (777) 499 1734; 8(7242)23-67-35, ansp@bk.ru арқылы алуға болады.

Белгіленген қызметтің бастамашысы:

«AkDiEr» ЖШС, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, 11Е/1Б. БИН 130440009340. Эл.мекен-жайы: too_akdier@mail.ru.

Жобаны дайындаушы:

«АртНефтьСтройПроект» ЖШС, Қызылорда қаласы, Тәуке хан көшесі, 3. БСН 050140000140. Тел: 8-777-177-79-94; Эл.мекен-жайы: ansp@bk.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

ТОО «AkDiEr», сообщает что 30.06.2026 года 11:00 часов по адресу Жамбылская область, Мойынкумский район, с.Уланбель, ул. Сакен Сейфулина, 4 (здание акимата), состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по отчету о возможных воздействиях к проекту ««Участок сбора, временного хранения, переработки, утилизации и удаления отходов производства и потребления» в Уланбельском аульном округе, Мойнкумского района Жамбылской области».

Территория воздействия объекта - Жамбылская область, Мойынкумский район 41км от с.Уланбель. Географические координаты 44°27′37.32″ северной широты, 71°03′36.36″ восточной долготы.

Можно ознакомиться с пакетом проектной документации на электронном сайте https://ndbecology.gov.kz/, а также сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=kk.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на электронном сайте https://ndbecology.gov.kz/ , а также на эл. адрес s.agabek@zhambyl.gov.kz.

В случае введения чрезвычайного положения и ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и технического характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка:

https://meet.qosyl.kz/meeting?room=983193479699

Идентификатор встречи: 983-193-479-699

Дополнительную инормацию можно получить по адресу г.Кызылорда, ул.Тауке хана, 3, тел. 8 (777) 499 1734; 8(7242)23-67-35, ansp@bk.ru

Инициатор намечаемой деятельности:

ТОО «AkDiEr» БИН 130440009340. Кызылординская область, г. Кызылорда, ул.Желтоксан, 11Е/1Б. Эл.адрес: too_akdier@mail.ru.

Разработчик проекта:

ТОО «АртНефтьСтройПроект», г.Кызылорда, ул.Тауке хана, 3. БИН 050140000140. Тел: 8-777-177-79-94; Эл.адрес: ansp@bk.ru.

МОЙЫНҚҰМ ТАҢЫ
Бас редактор - Есет ДОСАЛЫ

МЕНШІК ИЕСІ:
"Мойынқұм ауданды "Мойынқұм таңы" газетінің редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Мойынқұм ауылы, Амангелді көшесі №68 "г"

ТЕЛЕФОНДАР:
Бас редактор 2-49-30 /факс/
Бас редактордың орынбасары 2-14-06
Тілші 2-49-11

Газет аптасына 2 рет сейсенбі, жұма күндері шығады. Редакция автордың көзқарасы мен жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап қайтарылмайды. Газет «Қанатты қалам әлемі» ЖШС баспаханасында басылды.
Мекен-жайы: Тараз қаласы, Төле би 36 Б.
Есеп шот: KZ65601A161000012151, АҚ "Halyk Bank"

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №12952-Г куәлік берілген (02.08.2012ж. Астана қаласы)

moynqum.kz moinkum_tani@mail.ru Кезекшілер: Ә. Қуаныш, Г. Наурызбаева. Корректор: А. Әлімбетова. Таралымы 2977 Тапсырыс №399

«ҚАЗАҚСТАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТЕЛЕРАДИОКОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ
ЖАМБЫЛСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ФИЛИАЛ АО «РЕСПУБЛИКАНСКАЯ
ТЕЛЕРАДИОКОРПОРАЦИЯ «КАЗАХСТАН»
ZHAMBYL REGIONAL BRANCH
«KAZAKHSTAN REPUBLIC TV AND RADIO CORPORATION» JSC

JAMBYL

№ 04-12/33
от 26.05.2026 года

Эфирная справка

Исполнитель: Жамбылский филиал АО «РТРК «Казахстан» (Телеканал «Jambyl»)
Заказчик: ТОО «AkDiEr», БИН 130440009340
Вид услуги: услуги по размещению объявлении в рубрике «Бегущая строка»

Текст: ● Хабарландыру! «AkDiEr» ЖШС, 30.06.2026 жылы сағат 11:00-де Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Ұланбел а., Сәкен Сейфуллин көшесі, 4 (әкімдік ғимараты), ««Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинау, уақытша сақтау, қайта өңдеу, кәдеге жарату және жою учаскесі» — Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Ұланбел а.о.» жобасы бойынша ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. Әсер ету аймағы: Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Ұланбел а. 41 км қашықтықта. Географические координаты 44°27′37.32″ солтүстік ендік, 71°03′36.36″ шығыс бойлық. Жобалық құжаттама пакетімен электронды сайтта танысуға болады https://ndbecology.gov.kz/ және ЖАО сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=kk. Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай электронды сайтта https://ndbecology.gov.kz/ қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады, сондай-ақ электрондық пошта арқылы s.agabek@zhambyl.gov.kz. Төтенше жағдай және шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техникалық сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда , қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме: https://meet.qosyl.kz/meeting?room=983193479699 Идентификатор встречи: 983-193-479-699 Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша Тауке хан көшесі 3, байланыс тел. 8 (777) 499 1734; 8(7242)23-67-35, ansp@bk.ru арқылы алуға болады.
Белгіленген қызметтің бастамашысы: «AkDiEr» ЖШС, Қызылорда облысы, Қызылорда қ., Желтоқсан көшесі, 11Е/1Б. БИН 130440009340. Эл.мекенжайы: too_akdier@mail.ru.

Жобаны дайындаушы: "АртНефтьСтройПроект" ЖШС, Қызылорда қ., Тәуке хан көшесі, 3. БСН 050140000140. Тел: 8-777-177-7994; Эл.мекенжайы: ansp@bk.ru.

Объявление! ТОО «AkDiEr», сообщает что 30.06.2026 года 11:00 часов по адресу Жамбылская область, Мойынкумский район, с.Уланбель, ул. Сакен Сейфулина, 4 (здание акимата), состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по отчету о возможных воздействиях к проекту ««Участок сбора, временного хранения, переработки, утилизации и удаления отходов производства и потребления» в Уланбельском а.о., Мойнкумского района Жамбылской области». Территория воздействия объекта - Жамбылская область, Мойынкумский район 41км от с.Уланбель. Географические координаты 44°27′37.32″ северной широты, 71°03′36.36″ восточной долготы. Можно ознакомиться с пакетом проектной документации на электронном сайте https://ndbecology.gov.kz/, а также сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=kk. Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на электронном сайте https://ndbecology.gov.kz/ , а также на эл. адрес s.agabek@zhambyl.gov.kz.

бланк сериялық номермен ғана қолданылады
бланк действителен только с серийным номером

Қазақстан Республикасы
080000, Тараз қаласы,
Ы. Сүлейменов көшесі, 6

Республика Казахстан
080000, город Тараз,
ул. Ы. Сулейменова, 6

Suleimenov str., 6, Taraz
Republic of Kazakhstan,
080000

Tel. 8 - 7262 - 45 - 29 - 40
Fax. 8 - 7262 - 45 - 29 - 40
E-mail. taraztv@kaztrk.kz

В случае введения чрезвычайного положения и ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и технического характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка: https://meet.qosyl.kz/meeting?room=983193479699 Идентификатор встречи: 983-193-479-699 Дополнительную инормацию можно получить по адресу г.Кызылорда, ул.Тауке хана, 3, тел. 8 (777) 499 1734; 8(7242)23-67-35, ansp@bk.ru. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «AkDiEr» БИН 130440009340. Кызылординская область, г. Кызылорда, ул.Желтоксан, 11Е/1Б. Эл.адрес: too_akdier@mail.ru.

Разработчик проекта: ТОО «АртНефтьСтройПроект», г.Кызылорда, ул.Тауке хана, 3. БИН 050140000140. Тел: 8-777-177-79-94; Эл.адрес: ansp@bk.ru.

Дни проката: 25.05.2026 г. - 26.05.2026 г.

Директор филиала **Г.К. Куланбаева**

Исп. Б.Абдыманапов
тел.: 8 /7262/ 45-24-27

Управления природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Жамбылской области\АКульсерикова А.К.

АҚПАРАТТЫҚ С

ИНФОРМАЦИОН

Хабарландыру!

«AkDiEr» ЖШС, 30.06.2026 жылы сағат 11:00-де Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Ұланбел ауылы, Сәкен Сейфуллин көшесі, 4 (әкімдік гимараты), ***««Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинау, уақытша сақтау, қайта өңдеу, кәдеге жарату және жою учаскесі» — Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Ұланбел ауылдық округі»*** **жобасы бойынша ықтимал әсерлер туралы есеп** бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Әсер ету аймағы: Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Ұланбел ауылынан 41 км қашықтықта. Географические координаты 44°27'37.32" солтүстік ендік, 71°03'36.36" шығыс бойлық.

Жобалық құжаттама пакетімен электронды сайтта танысуға болады https://ndbecology.gov.kz/ және ЖАО сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=kk.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай электронды сайтта https://ndbecology.gov.kz/ қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады, сондай-ақ электрондық пошта арқылы s.agabek@zhambyl.gov.kz.

Төтенше жағдай және шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техникалық сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме:

https://meet.qosyl.kz/meeting?room=983193479699

Идентификатор встречи: 983-193-479-699

Қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша Тауке хан көшесі 3, байланыс тел. 8 (777) 499 1734; 8(7242)23-67-35, ansp@bk.ru арқылы алуға болады.

Белгіленген қызметтің бастамашысы:

«AkDiEr» ЖШС, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, 11Е/1Б. БИН 130440009340. Эл.мекен-жайы: too_akdier@mail.ru.

Жобаны дайындаушы:

"АртНефтьСтройПроект" ЖШС, Қызылорда қаласы, Тауке хан көшесі, 3. БСН 050140000140. Тел: 8-777-177-79-94; Эл.мекен-жайы: ansp@bk.ru.

Дата: 26.05.2026
Время : 16:45

Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области\Жамбылской области\АКульсерикова А.К.

Хабарландыру!

«AkDiEr» ЖШС, 30.06.2026 жылы сағат 11:00-де Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Үланбел ауылы, Сәкен Сейфуллин көшесі, 4 (әкімдік ғимараты), ***««Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинау, уақытша сақтау, қайта өңдеу, кәдеге жарату және жою учаскесі» — Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Үланбел ауылдық округі»*** **жобасы бойынша ықтимал әсерлер туралы есеп** бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Әсер ету аймағы: Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Үланбел ауылынан 41 км қашықтықта. Географические координаты 44°27′37.32″ солтүстік ендік, 71°03′36.36″ шығыс бойлық.

Жобалық құжаттама пакетімен электронды сайтта танысуға болады https://ndbecology.gov.kz/ және ЖАО сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=kk.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай электронды сайтта https://ndbecology.gov.kz/ қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады, сондай-ақ электрондық пошта арқылы s.agabek@zhambyl.gov.kz.

Төтенше жағдай және шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техникалық сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда , қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме:

https://meet.qosyl.kz/meeting?room=983193479699

Идентификатор встречи: 983-193-479-699

Қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша Тауке хан көшесі 3, байланыс тел. 8 (777) 499 1734; 8(7242)23-67-35, ansp@bk.ru арқылы алуға болады.

Белгіленген қызметтің бастамашысы:

«AkDiEr» ЖШС, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, 11Е/1Б. БИН 130440009340. Эл.мекен-жайы: too_akdier@mail.ru.

Жобаны дайындаушы:

"АртНефтьСтройПроект" ЖШС, Қызылорда қаласы, Тәуке хан көшесі, 3. БСН 050140000140. Тел: 8-777-177-79-94; Эл.мекен-жайы: ansp@bk.ru.

Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Жамбылской области\Акульсикова А.К.

Дата: 26.05.2026
Время : 16:45

Объявление!

ТОО «AkDiEr», сообщает что 30.06.2026 года 11:00 часов по адресу Жамбылская область, Мойынкумский район, с.Уланбель, ул. Сакен Сейфулина, 4 (здание акимата), состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по **отчету о возможных воздействиях к проекту *««Участок сбора, временного хранения, переработки, утилизации и удаления отходов производства и потребления» в Уланбельском аульном округе, Мойынкумского района Жамбылской области».***

Территория воздействия объекта - Жамбылская область, Мойынкумский район 41км от с.Уланбель. Географические координаты 44°27′37.32″ северной широты, 71°03′36.36″ восточной долготы.

Можно ознакомиться с пакетом проектной документации на электронном сайте https://ndbecology.gov.kz/, а также сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=kk.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на электронном сайте https://ndbecology.gov.kz/ , а также на эл. адрес s.agabek@zhambyl.gov.kz.

В случае введения чрезвычайного положения и ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и технического характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка:

https://meet.qosyl.kz/meeting?room=983193479699

Идентификатор встречи: 983-193-479-699

Дополнительную инормацию можно получить по адресу г.Кызылорда, ул.Тауке хана, 3, тел. 8 (777) 499 1734; 8(7242)23-67-35, ansp@bk.ru

Инициатор намечаемой деятельности:

ТОО «AkDiEr» БИН 130440009340. Кызылординская область, г. Кызылорда, ул.Желтоксан, 11Е/1Б. Эл.адрес: too_akdier@mail.ru.

Разработчик проекта:

ТОО «АртНефтьСтройПроект», г.Кызылорда, ул.Тауке хана, 3. БИН 050140000340. Тел: 8-777-177-79-94; Эл.адрес: ansp@bk.ru.

Дата: 26.05.2026
Время : 16:45

управления природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Жамбылской области Кульсерикова А.К.

К СТЕНД

ОННЫЙ СТЕНД

Объявление!

ТОО «AkDiEr», сообщает что 30.06.2026 года 11:00 часов по адресу Жамбылская область, Мойынкумский район, с.Уланбель, ул. Сакен Сейфулина, 4 (здание акимата), состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по **отчету о возможных воздействиях к проекту** ***««Участок сбора, временного хранения, переработки, утилизации и удаления отходов производства и потребления» в Уланбельском аульном округе, Мойынкумского района Жамбылской области».***

Территория воздействия объекта - Жамбылская область, Мойынкумский район 41км от с.Уланбель. Географические координаты 44°27'37.32" северной широты, 71°03'36.36" восточной долготы.

Можно ознакомиться с пакетом проектной документации на электронном сайте https://ndbecology.gov.kz/, а также сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=kk.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на электронном сайте https://ndbecology.gov.kz/ , а также на эл. адрес s.agabek@zhambyl.gov.kz.

В случае введения чрезвычайного положения и ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и технического характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка:

https://meet.qosyl.kz/meeting?room=983193479699

Идентификатор встречи: 983-193-479-699

Дополнительную инормацию можно получить по адресу г.Кызылорда, ул.Тауке хана, 3, тел. 8 (777) 499 1734; 8(7242)23-67-35, ansp@bk.ru

Инициатор намечаемой деятельности:

ТОО «AkDiEr» БИН 130440009340. Кызылординская область, г. Кызылорда, ул.Желтоксан, 11Е/1Б. Эл.адрес: too_akdier@mail.ru.

Разработчик проекта:

ТОО «АртНефтьСтройПроект», г.Кызылорда, ул.Тауке хана, 3. БИН 050140000140. Тел: 8-777-177-79-94, Эл.адрес: ansp@bk.ru.

Дата: 26.05.2026
Время : 16:45

Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Жамбылской области\АКульсерикова А.К

ЫҚТИМАЛ ӘСЕРЛЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ МОЙНҚҰМ АУДАНЫ, ҰЛАНБЕЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕГІ "ӨНДІРІС ЖӘНЕ ТҰТЫНУ ҚАЛДЫҚТАРЫН ЖИНАУ, УАҚЫТША САҚТАУ, ҚАЙТА ӨҢДЕУ, КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЖӘНЕ ЖОЮ УЧАСКЕСІ"



ОПЕРАТОР ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ

Оператор - «AkDiEr» ЖШС.

Оператордың негізгі өндірістік қызметі: өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинау, уақытша сақтау, қайта өңдеу, кәдеге жарату және жою үшін карталарды және ластанған топырақты жайластыру, бұрғылаудың сұйық қалдықтары мен шаруашылық-тұрмыстық сипаттағы сарқынды суларға арналған буландырғыш тоғандарды жайластыру, өндіріс және тұтыну қалдықтарын қабылдау, сұрыптау және қайта өңдеу алаңы, қайталама ресурстарды уақытша сақтау алаңдар.

Оператордың объектілері: қалдықтарды қайта өңдеу.

Жобада қарастырылған оператор нысаны: Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Ұланбел ауылынан 41 км қашықтықта. Географические координаты 44°27′37.32″ солтүстік ендік, 71°03′36.36″ шығыс бойлық.

Управления природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Жамбылской области\АКульсерикова А.К.

УЧАСКЕНІҢ ОРНАЛАСУ КАРТАСЫ



Жалпы мәліметтер

- «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинау, уақытша сақтау, қайта өңдеу, кәдеге жарату және жою учаскесі» жобасына арналған «Мүмкін болатын әсерлер туралы» есепті әзірлеудің мақсаты – Қазақстан Республикасының табиғатты қорғау заңнамасының талаптарын орындау.
- Өндіріс және тұтыну қалдықтарын кәдеге жарату мақсаты – қауіпті қалдықтардың қоршаған ортаға (атмосфералық ауаға, топыраққа, су ресурстарына) теріс әсерін төмендету және алынған инертті материалдарды пайдалану.
- Учаскені салудың мақсаты – өндіріс және тұтыну қалдықтарын, сонымен қатар мұнаймен ластанған топырақты жинау, уақытша сақтау, қайта өңдеу, кәдеге жарату және жою үшін карталарды жабдықтау; бұрғылау кезінде түзілетін сұйық қалдықтар мен шаруашылық-тұрмыстық ағын суларға арналған булану тоғандарын салу; өндіріс және тұтыну қалдықтарын қабылдау, сұрыптау және қайта өңдеу алаңын ұйымдастыру; қайталама ресурстарды уақытша сақтау алаңын жабдықтау.

Жалпы мәліметтер

- Құрылыс мерзімі – 3 ай. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинау, уақытша сақтау, қайта өңдеу, кәдеге жарату және жою учаскесін пайдалану 2026–2045 жылдарға жоспарланған. Рекультивация және мониторинг учаскені жою кезеңінде, пайдалану аяқталғаннан кейін 3 жыл бойы жүргізіледі. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинау, уақытша сақтау, қайта өңдеу, кәдеге жарату және жою учаскесін пайдалану кезіндегі қоршаған ортаға әсерді нормалау мерзімі 2026–2035 жылдарға орындалған.

Управления природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Жамбылской области\АКульсерикова А.К.

ЖОБАЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСС

Бұрғылау қалдықтарын, мұнаймен ластанған (майға былғанған) топырақты кәдеге жарату мақсаты – аз қауіпті қалдықтардың қоршаған ортаға (атмосфералық ауаға, топыраққа, су ресурстарына) теріс әсерін төмендету және алынған инертті материалдарды пайдалану.

Бұрғылау қалдықтарын (бұрғылау шламы, сұйық бұрғылау қалдықтары) инертті топырақ алу мақсатында қайта өңдеу табиғи факторларды пайдалана отырып жүзеге асырылады: күн энергиясы, мүжілудің (желдену) әсері, сондай-ақ шламды алдын ала құрғату, кейіннен мұнай өнімдерімен ластану жағдайында нейтрализдеуші материалдармен араластыру арқылы жүргізіледі.

Жаңадан жобаланған карталарға қабылданатын және қайта өңделетін бұрғылау қалдықтарының жоспарланған көлемдері:
• **Бұрғылау шламы** – 50 мың м³/жыл (бұрғылау шламының тығыздығы қб.ш. 1,5÷1,7 т/м³) – **80 мың т**;
• **Сұйық бұрғылау қалдықтары** – 10 мың м³ (тығыздығы қг 1,1–1,2 т/м³, қабылданғаны – 1,15) – **11,5 мың т**.

Жаңадан жобаланған картаға қабылданатын және қайта өңделетін мұнаймен ластанған топырақтың жоспарланған көлемі:
• **Мұнаймен ластанған топырақ** – 300 т/жыл (тығыздығы қб.ш. 1,5 т/м³) – **200 м³/жыл**.

Жобада мыналар көзделеді:

- бұрғылау шламдарын өңдеу алаңы, бұрғылау қалдықтарын өңдеуге арналған бес карта құрылысы;
- мазутпен ластанған топырақты жатқызып қою және орташаландыруға арналған бір карта.
- Бұрғылау шламдарына арналған карталар уақытша жинақтауға, сусыздандыруға және кейіннен кәдеге жаратуға арналған арнайы жабдықталған гидрооқшауланған алаңдар болып табылады.
- Топырақ пен жерасты суларының ластануын болдырмау мақсатында карталардың негізі тығыздалған саз қабатынан және геотекстильден жасалған қорғаныш қабаты бар синтетикалық геомембранадан тұратын сүзгіге қарсы экранмен жабдықталады. Карталардың периметрі бойынша жергілікті топырақтардан қоршау бөгеттері тұрғызылады, олар бұрғылау шламдарын жобалық шекаралар шегінде ұстап тұруды және олардың құрылыс шегінен тыс таралуын болдырмауды қамтамасыз етеді.
- Бұрғылау шламдары мен пайдаланылған бұрғылау ерітінділерін карталарға беру технологиялық регламентке сәйкес автокөлікпен жүзеге асырылады. Пайдалану процесінде қалдықтардың карта алаңы бойынша біркелкі орналастырылуы және олардың табиғи жолмен сусыздандырылуы қамтамасыз етіледі.

- Мазутпен ластанған топырақ әртүрлі тұтқырлық дәрежесіндегі мұнай өнімдерімен (мазут, дизель фракциялары, жанар-жағармай материалдары) араласқан минералды топырақтың (құм, құмдақ, саздақ) қоспасы болып табылады және авариялық төгінділер, жабдықтарды тазалау және кәсіпшілік объектілерін пайдалану кезінде түзіледі.
- Топырақтың, жерасты және жерүсті суларының ластануын болдырмау мақсатында өңдеу учаскесіне қауіптілігі төмен және орташа дәрежедегі қалдықтарға жататын мазутпен ластанған топырақ жеткізіледі.
- Мазутпен ластанған топырақты өңдеу сүзгіге қарсы экранмен (сазды құлып, геомембрана) және жерүсті ағындарын бұру жүйесімен жабдықталған арнайы дайындалған алаңда (жатқызып қою және орташаландыру картасында) жүзеге асырылады.
- Мазутпен ластанған топырақ автокөлікпен жеткізіліп, тиімді желдену мен өңдеуді қамтамасыз ететін қалыңдықтағы қабаттармен карта бойынша біркелкі таратылады.
- Бульдозерлер немесе автогрейдерлер көмегімен мұнай өнімдерінің концентрациясын және физикалық-механикалық қасиеттерін бүкіл масса бойынша теңестіру үшін топырақты араластыру жүргізіледі.
- Нормативтік көрсеткіштерге қол жеткізілгеннен кейін өңделген топырақ уақытша жолдар мен алаңдардың гидрооқшаулағыш негіздерін салуға, техногендік ойықтарды толтыруға және аумақтарды жоспарлауға пайдаланылуы мүмкін.

ЖОБАЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСС

Қалдықтарды қайта өңдеу учаскесінің жұмысшы персоналы тұратын вахталық кентті жабдықтау;

Қалдықтарды (ТБО және ТПО) қабылдау және қайта өңдеу, қайталама ресурстарды бөлу.

2025 жылғы топографиялық түсірілім нәтижелері бойынша бөлінген учаскенің шегінде қалдықтарды қабылдау және сұрыптау алаңдары, сондай-ақ қайталама ресурстарды сақтау алаңдары орналастырылады.


Кент модульдік блок-контейнерлерден тұрады және 8 адам үшін тұру, тамақтану, санитарлық-тұрмыстық жағдайлар мен әкімшілік функцияларды қамтамасыз етеді. Барлық блоктар блок-контейнерлерге арналған нормативтерге сәйкес жарықтандырумен, жылытумен және желдетумен жабдықталған.

Управления природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Актюбинской области АКульсерикова А.К.

ЖОБАЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСС

Полигон қызметінің нәтижесінде негізгі өнім: қайталама шикізат; техникалық топырақ (компост); кәдеге жаратылмаған бөлікті жағудан күл (көму).

Полигонды пайдаланудың технологиялық схемасы



ЖОБАЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСС

Қалдықтар сұрыпталмаған түрде, контейнерлерде және қоқыс таситын көліктерде келеді.

Полигон қызметінің нәтижесінде негізгі өнім:

- екінші реттік шикізат;
- техникалық топырақ (компост);
- кәдеге жаратылмаған бөлікті жағудан күл (көму).

Қатты тұрмыстық қалдықтар (ТҚҚ) түсіру алаңында түсіріледі.Сұрыптау алаңына жіберер алдында ірі габаритті бұйымдар (мысалы: диван бөлшектері, тоңазытқыштар және т.б.) іріктеліп алынады.

Сұрыптау нәтижесінде қайталама шикізат бөлінгеннен кейін, өтімсіз бөлігі қоқыс өртейтін пешке жеткізіледі.Қалдықтарды жағудан шыққан күл көму картасына орналастырылады және шаңданудың алдын алу үшін сұрыпталған құрылыс қалдықтарымен оқшауланады.

Сұрыпталған қайталама шикізат:

- Макулатура (қағаз, картон) престеліп, уақытша сақтау үшін навес астына қойылады.
- Пластик те престеліп, уақытша сақтау үшін навес астына қойылады.
- Шыны сынықтары бөгде қалдықтардан ажыратылып, арнайы кәсіпорындарға өткізу алдында сыйымдылықтарда жиналады.
- Металл қалдықтары қолмен алынады (қара металдар, түсті металдар және тот баспайтын болат болып бөлінеді) және уақытша сақтау алаңында жиналып, кейін арнайы кәсіпорындарға өткізіледі.
